

●

ПРЕЗИДЕНТ



Транскаспий халықаралық көлік бағдары:
МАҢЫЗДЫ ЖОБА
екі ел арасын жалғайды

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №12-13 (6575) 11 ақпан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

● ХАРБИН-2025

Тарихи нәтиже:
ЖҮЛДЕ ТОЛЫ ҚОРЖЫН



Қытайдың Харбин қаласында сары құрлықтың үздіктері жиналған қысқы Азия ойындары өтіп жатыр. 7 ақпан күні басталған Ақ Азидада 14 ақпанға дейін жалғасады.



Шорт-тректен ерлер құрамасы 5000 метрлік эстафетада топ жарып, Азия ойындарының алғашқы алтын медалін жеңіп алды. Команда сапында Денис Никиша, Әділ Ғалиахметов, Мерсайд Жақсыбаев, Айбек Нәсен, Абзал Әжіғалиев және Глеб Ивченко өнер көрсетті. Айта кеткен жөн, бұл жеңіс осы Азияданың бірінші алтыны ғана емес, Қазақстан тарихындағы шорт-тректен Азия ойындарында алынған алғашқы алтын медаль. Бұған дейін тек күміс, қола жүлделер болған.

– Шорт-тректен Қазақстан ұлттық құрамасын тарихи жеңісімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін отандастарымыз барша жанкүйерді шатық пен қуанышқа бөлеп, ел қоржынына алғашқы алтын жүлдені салды. Қытай төрінде Өнұранымыз шырқалып, Көк Туымыз биікте желбіреді. Бұл жүлденің біз үшін маңызы зор. Өйткені, бұл – Қазақстанның шорт-трек спорты тарихындағы қысқы Азия ойындарында жеңіп алған алғашқы алтын медаль. Жеңіс жолында еңбек еткен жаттықтырушылар құрамына да ерекше алғысымды білдіремін, – деп ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов тарихи жеңіске пікір білдірді.

16

● САРАПТАМА

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
халық талабымен үндес

2024 жылы 15 наурызда Атырау қаласында Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өткен болатын. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жалпыұлттық құндылықтар бағдарын ұсынған болатын. Жақында аталмыш құндылықтар жүйесін ұсынғанына бір жыл толады. Қала берді, биыл наурызда Көкшетау қаласында Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы өтеді. Осыған орай ұлттық құндылықтардың қоғамдағы жай-күйі, оларды халық қабылдай алды ма деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.



Коллажды жасаған Нұрбосын ОРІСҰЛЫ.

Президент қандай құндылықтар ұсынды?
Кез келген мемлекет белгілі бір құндылықтар жүйесімен өмір сүреді. Ол сол елдің халқына байқалмауы мүмкін. Алайда, сырт көзге көрініп тұрады. Мысалы, АҚШ-та азаматтар индивидуализм, теңдік, жекеменшікке қол сұғылмау, демократия сияқты құндылықтармен өмір сүреді. Ұлыбританияда консерватизм, демократия, жекеменшік құндылықтары үстем. Францияда еркіндік, теңдік және бауырластық құндылықтары басым. Қазақстанда да мұндай құндылықтар жүйесі бар. Оны Мемлекет басшысы былтырғы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында халыққа ұсынды.

Олар:
1. Тәуелсіздік және отаншылдық;
2. Бірлік және ынтымақ;
3. Әділдік және жауапкершілік;
4. Заң және тәртіп;
5. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
6. Жасампаздық және жаңашылдық.

2

● KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

11.02.2025
Түнде: -10-12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.
Күндіз: 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман, жолдарда көктайғақ.

12.02.2025
Түнде: -8-10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.
Күндіз: 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, күннің екінші жартысында жауын-шашын (көбінесе қар). Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

13.02.2025
Түнде: -6-8 °C
Көшпелі бұлтты, қар. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.
Күндіз: 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашын (жаңбыр, қар). Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

www.aqshamnews.kz



01 745178 614887 >



ІШКІ САЯСАТ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

халық талабымен үндес

(Басы 1-бетте)

Бұл құндылықтарды қоғам түсіністікпен қабылдап, жаңа бағдар түзіле бастағанымен, мән беріп қарайтын болсақ, осы уақытқа дейін қалыптасып, әдетке айналып кеткен ескі құндылықтар жүйесі әлі күнге дейін өмірімізге ықпал етіп жатқанын байқаймыз. Ол қандай құндылықтар?

«Еңбек ету» құнсызданып, абсентеизм күшейген

2024 жылы «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ «Жалпыұлттық құндылықтар: Стратегиялық бағдарға шолу» тақырыбында талдау баяндамасын жариялады. Баяндаманың авторы – қазақстандық саясаттанушы Андрей Чеботарев. Онда біздің тақырыпқа байланысты құнды мәліметтер мен зерттеу қорытындылары бар. Мысалы, осы уақытқа дейін ұзақ жылдар бойы қалыптасқан құндылықтар туралы мәлімет келтірілген. ҚР Президентінің жа-

нындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының сарапшылары елімізде мынадай кертартпа құндылықтар қалыптасқанын айтады:

Біріншіден, қоғамда еңбек етуге деген мотивация бұзылып, жаңа әлеуметтік тап – прекариат қалыптасқан. Прекариат дегеніміз – тұрақты жұмысы жоқ азаматтардан құралған әлеуметтік тап. Еңбек ету құндылығының құнсыздануы мен прекариаттың пайда болуына ұрпақтар арасындағы айырмашылық, дүниетанымдық ерекшеліктер әсер еткен дейді сарапшылар.

Екіншіден, қоғамда күнкөріс құндылықтары мен дәстүрлі құндылықтар басым болып кеткен. Бұған білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіндегі олқылықтар әсер еткен.

Үшіншіден, халықтың белгілі бір бөлігінде саяси және әлеуметтік-экономикалық жаңғыру процесіне бей-жай қарайтын көзқарас қалыптасқан. Яғни саяси абсентеизм үстемдік етуде. Бұл процесс 2019 жылдан кейін кері кеткен. Алайда, әлі күнге дейін мұндай көзқарас бар.

Сарапшылардың пікірімен келіспеске

амал жоқ. Дегенмен, саяси факторды да ескерген жөн. Мұндай құндылықтар мен өмірге деген көзқарас өздігінен қалыптаспайды. Ұзақ жылдар бойы кешеуілдеген саяси реформа, құқықтық және әлеуметтік мемлекетті құру мәселесіне келгенде тұралап қалуы да жоғарыдағы кертартпа құндылықтарды қалыптастырды.

Халық әділеттілікті қалайды

Институт дайындаған талдау баяндамасында әлеуметтік сауалнама нәтижелері де бар. Баяндаманың авторы мен институт Президент ұсынған жалпыұлттық құндылықтарды халық қалай қабылдайтынын және оларды қаншалықты маңызды санайтынын білуі мақсатында сауалнама жүргізген.

Қазақстан бойынша 1200 адам сауалнамаға қатысқан. Олардың пікіріне сүйенсек, құндылықтардың алғашқы үштігіне әділеттілік (56,6%), тәуелсіздік (53,9%) және бірлік (43%) кірген. Бұл халықтың басым бөлігі елімізде әділеттілік орнағанын қалай-

тынын көрсетеді. Осыдан «әділеттілік деген не?» деген сұрақ пайда болады. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі (71,8%) әділеттілік деп «барлық азаматтардың заң алдында теңдігі» екенін айтқан.

Бұдан басқа, қатысушылар ең төмен бағалаған құндылық – кәсіби біліктілік (13,3%). Сондай-ақ, өкініштісі, жауап бергендердің ешқайсысы жасампаздық пен жаңашылдықты өзі үшін маңызды деп санамаған. Ұлттық сапа қалыптасу үшін міндетті түрде жасампаздық пен жаңашылдық, кәсіби біліктілік болуы тиіс. Онсыз дамыған елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Сондықтан әділеттілікпен бірге осы құндылықтар жүйесін қалыптастыруға аса мән беру керек. Мұнда ең алдымен мемлекеттің рөлі басым. Азаматтық қоғам да осы бағытта әрекет етуі тиіс.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

ПРЕЗИДЕНТ

Транскаспий халықаралық көлік бағдары:

МАҢЫЗДЫ ЖОБА

екі ел арасын жалғайды



(Дереккөз: sknews.kz)

Грузия премьер-министрі, Ираклий Кобахидзенің елімізге жұмыс сапары қос ел арасындағы байланыстың жаңа салаларына дара жол салды. Кездесуде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Грузия премьер-министрі Ираклий Кобахидзе сауда, энергетика, инвестиция, туризм, жасанды интеллект және цифрландыру секілді көптеген бағыттағы екіжақты байланыстарды кеңейту перспективаларын қарастырып, халықаралық күн тәртібі мен өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін талқылады. Қазақстанның сыртқы саясатында Еуропа құрлығымен Каспий теңізі арқылы байланыс орнатуда Кавказ елдерінің маңызы өте зор. Мақаламызда Қазақстан мен Грузия елдерінің байланысының бүгіні мен болашағын талдап көрелік.

• 2024 жылы Баку – Тбилиси – Джейхан құбыры арқылы 1,4 млн тонна қазақстандық мұнай жөнелтілген. Шикізат жөнелту көлемін кезең-кезеңімен жылына 2,2 млн тоннаға дейін жеткізу міндеті тұр.

• Транскаспий халықаралық көлік дәлізі арқылы тасымалданатын жүктің көлемі 2024 жылы 62%-ға өсіп, 4,5 млн тоннаны құрады. Үкіметтің жоспары бойынша, 2027 жылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізі арқылы тасымалданатын жүктің көлемі 10 миллион тоннаға жетеді.

• Грузия мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 23 шілдесінде орнады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері өзінің көпвекторлы сыртқы саяси бағытын жүйелеп, институционалдық тұрғыда қалыптастыра білді. Грузия премьер-министрі Ираклий Кобахидзенің елімізге сапары аясында, соңғы жылдары қос ел арасында жасалған экономикалық реформалар қазірдің өзінде жемісін беріп отырғанын айқын көрсетті. Мысалы, Ауыл шаруашылығы саласындағы 2024 жылдың қорытындысы бойынша тауар айналымының көлемі 12,3%-ға өсіп, \$71,2 млн-ды құраған. Қазақстандық кәсіпкерлер Грузия нарығына ұн мен астық, өсімдік майы, макарон өнімдері, қой және сиыр еті, сүт өнімдері, кондитерлік және басқа да өнімдер жеткізу көлемін арттыруға ниетті. Бұл байланыс өз кезегінде тауар

айналымын болашақта Грузия арқылы Еуропа нарығына тасымалдауға мүмкіндік қалыптастырады.

Қазақстан Грузияға ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізу көлемін арттырды. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың мәліметінше, биыл Грузияға 80 мың тонна бидай экспорттау жоспарланып отыр. 2024 жылы Қазақстанның Грузияға ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізу көлемі 71 миллион долларға жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,3%-ға артқан. Қазақстан Грузияға бидай, ұн өнімдері, макарон, кондитерлік өнімдер, сондай-ақ майлы дақылдар экспорттай бастады. Жыл соңында ет өнімдерін жеткізуге арналған ветеринарлық сертификат сияқты маңызды келісімдерге қол қойылып отыр.

Соңғы жылдарда Грузияда орын алған саяси, экономикалық өзгерістерді ескерсек, екі ал арасындағы кадрлар даярлау және агроөнеркәсіп кешені ғылыми қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылды дамытуда, оның ішінде бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша ортақ мүдделер бар екенін көреміз. Соңғы жиырма жылда, Грузия мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, Ішкі істер салаларында сәтті реформалары жүзеге асыра алды. Сондықтан Грузия мен Қазақстан арасындағы әлеуметтік, саяси, экономика саласындағы байланыс екі тарапқа да өзара тиімді.

Мысалы, екі елдің үкімет басшыларының кездесуінде отандық «QVM Technology» ЖШС, «Ordabasy Group» және «Ервира» компаниялары грузиндік «Olive Georgia» компаниясымен бірлесіп, Қазақстан аумағында зәйтүн ағашы көшеттерін тәжірибелік отырғызу бойынша жүзеге асырған жобаны атауға болады. Жоба аясында жүздеген жұмыс орны ашылып, экспорт көлемі артты.

Соңғы жылдары екі ел арасында логистикалық сауда жолдарын дамыту ерекше жолға қойылып келуде. Мысалы, Ақтау және Құрық порттары мен Грузияның Батуми порты арқылы жүзеге асырылатын тасымалдар экономиканы әртараптандырудың негізгі бағыты ретінде қалыптасты. Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТМТМ) екі елдің стратегиялық серіктестігін нығайтуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл маршруттың дамуы тек Қазақстан мен Грузия арасындағы ынтымақтастықты күшейтіп қана қоймай, Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказды байланыстыратын маңызды сауда жолына айналуға әлеуеті бар екендігі айқын.

Мемлекеттік сапар аясында қос ел байланысындағы жаңа бағдар – білім мен ғылым саласы кеңейе түспек. Биылдан бастап отандық шәкірттеріміз Грузияның жоғары оқу орындарында және грузиялық студенттер біздің жоғары оқу орындарымызда білім ала алады.

Грузия мен Қазақстанның мәдениет пен білім саласындағы ынтымақтастығы да өзекті. Грузияда қазақ мәдениеті мен тіліне қызығушылық артып келеді. Қазақстанның мемлекеттік тілінде ғылыми әдебиеттерді аудару және тарату тәжірибесі екі елдің білім саласындағы байланыстарын нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Грузия арасындағы ынтымақтастық тек экономикалық салада ғана емес, мәдениет, білім, логистика және реформалар сияқты маңызды бағыттарда да қарқынды дамып келеді. Екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік Транскаспий халықаралық көлік дәлізі, ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау, бірлескен ғылыми зерттеулер және білім беру салалары арқылы нығая түсуі бағытында барлық жағдай жасалып отыр.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ, сарапшы, «Тұран» университеті.





АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтау және күшейту:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Ұлттық идеяның маңызды элементіне айналуға тиіс



Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесті. Президент айқындаған стратегиялық міндет – экономиканы нығайту арқылы Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтау және күшейту. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл міндет ұлттық идеяның маңызды элементіне айналуға тиіс.

Мемлекет басшысы атап өткендей, бизнесті негізсіз қыспаққа алудан және салалық органдардың заңсыз тексеруінен қорғау үшін жүйелі жұмыс қолға алынды. Қылмыстық кодекстің бес бабы ізгілендірілді. Бұдан бөлек, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін әкімшілік жауапкершілік күшейтілді.

Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін тағы да пысықтау тапсырылды

Президент Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды. «Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені, қызметтік дәреже-

ме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан, бұл мәселе бойынша ойымды жеткізгім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс. Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс. Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті, кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен, бұл қоғам талқысына алдын ала салынған

ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет...

Үкімет немесе құқық қорғау органдары арқылы мемлекет кәсіпкерлердің заңды қызметіне ешқандай кедергі келтірмеуге тиіс. Бұл – менің мызғымас ұстанымым», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Жаңа адамдар» жастар форумы

«Жаңа адамдар» жастар форумына қатысқан Мемлекет басшысы жалынды жастардың бойындағы Отанға, елге деген сүйіспеншілік пен құрметке риза-

шылығын білдіріп, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың әр жетістігіне қуанатынын, әр бастамасын қолдайтынын жеткізді.

– Қазақстанның жастары – жасампаз. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Жаңа ғана өте жақсы ойлар айтылды. Тың идеялар, игі бастамалар бар. Сіздердің сөздеріңізді тыңдап, форум атмосферасын сезіне отырып, кеудемді мақтаныш кернеді. Қазақстанның болашағына деген сенімім нығая түсті. «Жас келсе – іске» деп беркер айтпаған. Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жастардың қолында. Мен Президент ретінде Сіздерге зор үмітпен қараймын. Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. «Жаңа адамдар» – жаңа қоғамның айнасы. «Жаңа адамдар» – жаңа болмыс! Бұл – өз еліне адал жастардың қозғалысы! Біздің стратегиямызға қолдау білдірген сіздерге алғыс айтамын. Реформаларымыздың мән-маңы-

зы ұрандарыңызда көрініс тапқан. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құру, «Заң мен тәртіпті» камтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген...

Мемлекет креативті индустрияның дамуына барынша ықпал етеді. Қазір арнайы қор құрылып жатыр. Ол әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындарына қатысты жобаларды жүйелі түрде қолдаумен айналысады. Жастардың қарым-қабілетін көрсетуіне бұл да бір керемет мүмкіндік. Ең бастысы, адал еңбек етіп, адал табыс табу, яғни адал азамат болу. Биыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы». Біз қоғамда еңбек адамының абырой-беделін көтеріп жатырмыз. Еңбек культін қалыптастыру – аса маңызды міндет. Кез келген жұмыс – қадірлі. Өсіресе, жұмысшы мамандықтарын игерген жастарымыз зор құрметке лайық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).

ЭКОЛОГИЯ

Арал теңізін жандандыру:

ЖАСЫЛ БЕЛДЕУЛЕР БОЙ КӨТЕРДІ

Солтүстік Арал теңізіне 1 млрд текше метр су жіберілді

Бұл жоспарланған көлемнен 100 млн текше метрге артық. Орталық Азия елдерімен қол жеткізген келісімдерінің нәтижесінде 2025 жылғы наурыз айының соңына дейін Солтүстік Аралға жіберілген судың жалпы көлемі 1,6 млрд текше метрге жетеді, деп хабарлады ҚР су ресурстары және ирригация министрлігі.

Бүгінгі таңда Солтүстік Арал теңізіндегі судың жалпы көлемі 22,1 млрд текше метр. 2022 жылдың басында 18,9 млрд текше метр болды. 2025 жылдың соңына қарай теңіздегі су көлемі 23,4 млрд текше метрге дейін жетеді деп күтілуде.

Солтүстік Арал теңізінің ауданы да ұлғайып келеді. Бүгінгі таңда ол 3065 шаршы шақырымға жетті. Бұл 2022 жылдың басындағы көрсеткіштен 111 шаршы шақырымға көп. Мұның бәрі судың минералдануы азайтуға және балықтың 22 түрінің популяциясын қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Жыл сайынғы балық аулау

көлемі 8 мың тоннаға жетті. «Көкарал бөгетін сақтау және Сырдария өзені сағаларын қалпына келтіру» жобасы аяқталуға жақын. Жобаны іске асыру Солтүстік Аралдың сақталуына және судың тұздылығын төмендетуге ықпал етеді.

Арал теңізі бассейніндегі аймақты оңалту мақсатында көгалдандыру жұмысы жалғасып жатыр. Бүгінде Үлкен Арал теңізінің тартылған аумағында 4,4 млн көшет отырғызылды. Биыл 428 мың гектарда көгалдандыру жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Осының нәтижесінде 2025 жылдың соңына қарай Арал теңізі таба-



нын көгалдандырудың жалпы көлемі 1,1 млн гектарға жетуге тиіс. Су үнемдеу технологияларын енгізу және су инфрақұрылымын дамыту Солтүстік Аралға қосымша су көлемін жіберуге

мүмкіндік береді, сондай-ақ өңірдің ауыл шаруашылығын дамытуға көмектеседі. Арал теңізінің тартылған аумағын көгалдандыру топырақ эрозиясының алдын алады және құмды,

тұзды дауылдармен күресуге көмектеседі. Бұл аймақтың экологиялық жағдайын жақсартып, жергілікті тұрғындардың денсаулығын қорғайды.

• 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық ету кезегі Қазақстан Республикасына өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың соңына дейін ХАҚҚ Президенті болып сайланды. Қазақстанның 2024–2026 жылдар аралығындағы төрағалығы кезеңінде ХАҚҚ Аққару комитетінің жұмыс жоспары бекітілді. Құжат 10 түрлі бағыт бойынша 40-қа жуық іс-шараны қамтиды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: ortcom.kz).



«АҚЫЛДЫ ҚАЛА»

ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

азаматтардың өмірін қалай жақсарттады?

2024 жылы елімізде цифрлық трансформацияның нормативтік және әдіснамалық негіздері әзірленді, сараптамалық база қалыптастырылды және түрлі салаларда ауқымды реформалар іске қосылды. Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді.

Өткен жылдың басты жетістігі – мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейі артты. БҰҰ деректеріне сәйкес, Қазақстан онлайн-қызметтер индексі бойынша топ-10 елдің қатарына кіріп, цифрландыру деңгейі бойынша 193 мемлекеттің ішінде 24-ші орынды иеленді.

Бүгінгі таңда халықтың 93%-тен астамы eGov порталы

арқылы электрондық қызметтерге қол жеткізе алады. Мемлекеттік қызметтердің 90,8%-ы смартфондар арқылы қол жетімді. Биометриялық сәйкестендіру мен QR-колтанбаларды енгізу электрондық қызметтерді алу процесін жеңілдетті – бір жыл ішінде қазақстандықтар QR-кодтар арқылы 23 миллионнан астам құжатқа қол қойған екен.

Онлайн-қызметтің бір мысалы – Алматы Кітапханаларының цифрландыру саласындағы жетістігі. Мегаполистің кітапханалар желісінде көзі нашар көретін және зағип жандардың кітап оқып, ғаламтордан қажетті ақпарат алуына мүмкіндік беретін техника орналастырылған. Брайль дисплейі – нүктелі-бедерлі қаріппен көзі көрмейтін адамға саусағымен түртіп оқуға мүмкіндік беріп тұратын құрал. Брайль принтерінің маңызы өте зор. Неге десеніз, кез келген мәліметті брайль қарпімен кез келген тілде шығарып алуға болады.

Цифрландырудың тағы бір көрінісі – қаладағы автономды кітапханалар. Оқырмандарға кітапханалық қызметтерді пайдалану жүйесін жеңілдету мақсатында қоғамдық орындарда 20-дан аса автономды кітапхана орнатылған. Бұл – оқырманның өз-өзіне қызмет көрсетуі деген сөз. Жаңа құрылғы кітапханаға бармай-ақ кітап алуға және оны қайтаруға мүмкіндік береді. Жаңа автономды мобильді кітапханада 300 кітап қоры бар. Кез келген оқырман билеті бар қала тұрғыны келіп, кітап алуына мүмкіндігі бар. Кітап екі аптаға беріледі. Дәл осындай 24 құрылғы қаланың қоғамдық орындарында, яғни көпшілік көп жүретін жерде және сауда орындары мен метро стансаларында орнатылған.

Цифрлық трансформация мемлекеттік қызметтерді неғұрлым қолайлы, қолжетімді және тиімді етуге бағытталған. Қазақстандықтар үшін нақты пайдасын көрсеткен, азаматтардың өмірін жақсартқан цифрлық шешімдер мыналар:

- Сандық әскери билет қағаз құжаттарын толығымен ауыстырды.
- Балабақшаларға онлайн тіркелу ваучерлік қаржыландыру жүйесінің арқасында процесті ашық етті.
- «Еуропалық хаттаманы» енгізу сақтандыру төлемдерін алу мерзімін 40 күннен 5 күнге дейін қысқартып, полицияның қатысуынсыз ЖКА рәсімдеуге мүмкіндік берді.
- Атқарушылық іс жүргізуді автоматтандыру азаматтарға қаржылық жүктемені азайта отырып, жеке сот орындаушыларының қатысуын болдырмады.
- Цифрландыру балабақшаларға, мектептерге, жоғары оқу орындары мен жатақханаларға түсуді жеңілдетті, сондай-ақ денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және тіркеу қызметтеріндегі процестерді оңтайландырды.

Цифрлық технологиялар арқылы біз азаматтардың күнделікті өмірін барынша жеңілдетуге және барлығына тең мүмкіндіктерге қол жеткізуге ниеттіміз. Ол үшін мемлекеттік басқаруды цифрландырудың сапалы жаңа форматына көшу керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

DIGITAL
& SPACE
MINISTRY

ЖЫЛ САЙЫН

400 МЫҢНАН

АСТАМ БАЛА ДҮНИЕГЕ КЕЛЕДІ

БҰРЫН:

4-ТЕН 30 КҮНГЕ ДЕЙІН

- ХҚКО-ға бару
- Туу туралы тіркеу өтінішін беру
- Қызметкердің тіркеу туралы сұранысын өңдеу
- Құжаттың дайын болуын күту
- Жәрдемақы алу үшін ХҚКО-ға қайта бару



ҚАЗІР:

ОНЛАЙН

5 МИНУТ

5

- Нарвастенің дүниеге келуімен құттықтау
- Цифрлық туу туралы куәлік
- Жәрдемақылар мен жеңілдіктер проактивті түрде

• 2025 жылы 44 мемлекеттік қызметтің мерзімін қысқарту, 20 мемлекеттік қызметті проактивті форматқа ауыстыру, сондай-ақ 35 мемлекеттік қызметті трансформациялау жоспарланған.

Цифрлық трансформацияның нәтижелері бүгінде миллиондаған қазақстандықтар үшін айқын. Әрбір жоба мемлекеттік қызметтердің ыңғайлылығын, ашықтығын және қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Цифрландыру деңгейін арттыру білім беруге, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті жақсарттады, оларды ыңғайлы және әділ етеді. Қазір көптеген мемлекеттік қызмет онлайн-форматта, кезексіз және қосымша бюрократиялық рәсімдерсіз қолжетімді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: ҚР ЦДИАӨМ Баспасөз орталығы).

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕ

IT саласы:

ЕРЕКШЕ БАСЫМДЫҚ

Алматы – заман талабына икемделген қала

Алматы – ақылды технологияларды дамытуды белсенді жүзеге асырып жатқан Қазақстанның жетекші мегаполисі. Бүгінде қаланың цифрлық трансформациясы тұрғындар мен бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, өмір сапасын жақсартуда маңызды рөлге ие.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Барлық қызмет сандық жүйеге ауысты

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынған уақыттан бері Алматы IT саласына ерекше басымдық беріп келеді. Нәтижесінде мегаполистің дамуына үлес қосатын барлық қызмет сандық жүйеге ауысты. Мемлекеттік органдармен қатар, көлік және логистика саласы, денсаулық сақтау мен білім беру, ауыл шаруашылығы мен электронды сауда саласы да заман талабына сай цифрландырылды. Өз кезегінде бұл жаңашылдық заман талабына сай онлайн бағытта қызмет көрсететін мамандықтарға сұранысты арттырды.

Алматы халқы цифрландыру үрдісіне белсенді түрде бейімделіп, жаңа технологияларды күнделікті өмірде қолдануды үйренді. Заман көшінен қалмай алға жылжып келе жатқан тұрғындар бүгінде мемлекеттік қызметтерге электронды жүйе арқылы қол жеткізуге дағдыланды. Қазір сауданы да үйден шықпай-ақ жасауға машықтанып алды. Бұл жағынан қала халқын онлайн сауда нарығында өте белсенді деп айтуға әбден болады.



Салыстырмалы түрде осыдан он жыл бұрынғы халықтың өмір сүру дағдысын еске түсіріңізші...

Кезекте тұру – қалыпты жағдай еді

Бұрын Алматыда немесе басқа қалаларда мемлекеттік мекемелерге, банк бөлімшелеріне, ауруханаларға барғанда ұзын-сонар кезекке тұру – қалыпты жағдай еді. Құжат рәсімдеу, коммуналдық төлемдер жасау, дәрігер қабылдауына жазылу сағаттап уақыт алатын. Бірақ цифрлық технологиялардың дамуы бұл мәселені айтарлықтай жеңілдетті.

Мәселен, бұрын қандай да бір құжат ке-

рек болып, ХҚКО-ға бару керек болса, қазір 90%-дан астам мемлекеттік қызметті онлайн алуға болады. Egov Mobile қосымшасы – анықтамалар, құжаттар, балабақша кезегі, жер учаскесіне өтініш беру секілді қызметтер қолжетімді. Ал ЭЦҚ (Электрондық цифрлық колтанба) – кез келген құжатқа үйден шықпай-ақ қол қоюға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау жүйесі де цифрлық форматта. Бұрын ауруханаға жазылу үшін тіркеу бөлімінде ұзақ уақыт күту керек болатын. Қазір «Damumed» қосымшасы арқылы дәрігерге онлайн жазылуға болады. Бұған қоса, тұрғындарға электронды денсаулық карталары енгізілді. Енді қағаз құжат тасудың қажеті жоқ. Дәріханаларда рецепттер цифрлық форматта беріледі.

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҮЛЫ.

Естеріңізде ме, бұрын банк бөлімшелерінде коммуналдық төлемдер мен аударымдар үшін де ұзын-сонар кезекте тұратынбыз. Қазір Kaspi.kz, Halyk Homebank Jusan Bank қосымшалары арқылы барлық төлемдерді онлайн жасауға болады. QR-коппен төлем жүйесі кең таралды, кассаға барудың қажеті жоқ.

Қоғамдық көлікті алайық. Бұрын автобуска немесе метроға міну үшін жолақыны қолма-қол төлейтінбіз, ал қазір «Оңай» картасы немесе мобильді төлемдер арқылы еш қиындықсыз төлей аламыз. Валидаторлар арқылы төлем жасау жылдам әрі ыңғайлы болды. QR-код билеттері енгізілді. Бұл да кезекті азайтуға көмектесті.

Бұдан бөлек, қазір базарға, дүкенге барып уақыт жоғалтпай-ақ, Glovo, Wolt, Chosofood, Yandex Go сияқты платформалар арқылы тамақ пен азық-түлікке тапсырыс беруді үйрендік. Ал маркетплейстер (Kaspi.kz, Wildberries, Ozon) арқылы үйден шықпай-ақ тауар сатып алуға мүмкіндік бар.

Қорыта айтқанда, цифрландыру бұрынғы ұзын-сонар кезектерді азайтып, уақытты үнемдеуге көмектесті.

Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамы онлайн қолжетімді. Бұл бағытта Egov.kz және Smart Almaty платформалары жұмыс істейді. «Open Almaty» арқылы тұрғындардың өтініштері онлайн қабылданып, шешімін табуда. Қалалық қызметтерге арналған бірыңғай чат-боттар мен мобильді қосымшалар да қала жұртшылығы үшін қызмет етуде.

«Цифрлы Алматы» жобалары алдағы жылдары мегаполисті заманауи әрі ыңғайлы қалаға айналдыра отырып, халыққа қызмет көрсетуді оңтайландыра түседі. Бүгінгі таңда шаһарда алматылықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған бірнеше ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.



ПРЕМЬЕРА

«АЛАТАУ»

дәстүрлі өнер театры
«Естайдың Қорланын» ұсынады

«Алатау» дәстүрлі өнер театры ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы мен көрнекті сазгер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған бірқатар жаңа спектакльдер қоймақ. Сондай-ақ, көптен күткен премьералардың бірі – «Естайдың Қорланы» музыкалық драмасы болмақ. Спектакльдердің премьерасы биыл күзде ұсынылады.

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры Мақсат Нұралиев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте өзге де тың жетістіктерін бөлісті. Мәселен, биыл VIII маусымда театр репертуары төрт жаңа қойылыммен толықты. «Мамлюк. Сұлтан Бейбарыс», «Құлан» экстравангасы, «Алатау FM радиосы» музыкалық комедиясы және Біржан салдың әндеріне жазылған «Теміртас» реквиемі қойылды.

«Бұл батыл эксперименттер біздің труппа үшін жаңа көкжиектер ашады және көрермендерге дәстүрлі театрдың

шекарасын кеңейте отырып, бірегей театр тәжірибесіне енуге мүмкіндік береді. Айтпақшы, өткен жылы театр сахнасына 50-ден астам қойылым қойылып, қалың көрерменге жол тартып, бай мәдени бағдарлама жасауға мүмкіндік берді. 2024 жылы біздің қойылымдарды барлығы 62 мың адам тамашалады – бұл кейінгі үш жылдағы рекордтық көрсеткіш», – деді спикер.

«Алатау» театрының қойылымдары 20-дан астам ұлттық аспаптарда шебер ойнайтын «Алатау» этно-фольклорлық ансамблінің жанды дауыстағы өнерімен сүйемелденеді. Труппа құрамында «Алатау» би ансамблі, ақындар, дәстүрлі ән орындаушылар және сахнада шынайы, жанды халық мәдениетінің атмосферасын тудыратын талантты әртістер бар.

Тағы бір мүмкіндік, «Алатау» дәстүрлі өнер театры мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 10 инклюзивті үйірме ұсынуда. Онда қатысушылар би, ән айту, ым тілінде ән орындау, клоунада, есту қабілеті бұзылған, ым-тілін меңгерген жандарға арналған дактилология сабақтарына қатыса алады. Сонымен қатар, жоғары нәтижелер көрсеткен қатысушылар шығармашылық ұжым құрамына еніп, алматылық театр сахнасында өнер көрсетуге, сондай-ақ халықаралық байқауларға қатысып, өз талантын әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік алады.

Нұр ЖАМАЛ.

ТЕАТР

ДОСТЫҚ, АДАЛДЫҚ, АДАМДЫҚ

Алматының қуыршақ театры өрендерге
адамгершілік құндылықтарын дәріптейді

Алматы қаласы Мемлекеттік қуыршақ театрының көкжиегі кеңейіп келеді. 2019 жылы театр 703 спектакль көрсетіп, 53 мыңнан аз көрермен жинаған болса, былтыр 1390 қойылым ұсынып, 92 мың көрермен тамашалады. Бұл – кейінгі жылдардағы ең жоғары көрсеткіш.

Нұржамал
ӘЛПІ

«ЧЕМПИОН»

Билеттерден түскен табыс та тарихи деңгейге жетіп, 80,8 млн теңгені құрады. Бұл туралы театр директоры Алмат Амангелді Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлімдеді. Театр 2023 жылы алғаш рет «Almaty Puppet Festival» I Халықаралық қуыршақ театрларының фестивалін өткізді. 2024 жылы фестиваль екінші рет Польша, Грузия, Болгария, Чехия, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Ресей, Башқұртстан және Қазақстан ұжымдарын жинап, «Қуыршақтар шеруін» өткізді.

Былтыр Қуыршақ театры бес премьерә ұсынып, көрермендер ықыласына бөленді. Атап айтсақ, белгілі боксшы, олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановтың батыл рухын дәріптейтін «Чемпион» патриоттық қойылымы; әлемге әйгілі ертегі желісімен сахналанған ақыл-парасаттың күші және достық туралы сыр шертетін «Етік киген мысық»; гүржістандық режиссердің жетекшілігімен қойылған, қоғамдағы сенімсіздік, бозөкпелік, буллинг туралы «Шекпен»; әйгілі өнер жұлдыздарының қуыршақ бейнесіндегі ерекше қабілеттерін көрсететін «Жұлдызды қуыршақтар» концерттік қойылымы; белгілі әлемдік ертегі желісімен сахналанған бауырмалдық пен мейірімділік туралы сыр шертетін «Қар ханшайымы» театр репертуарын толықтырды.

ГРАН-ПРИ

«Біз балалар мен жасөспірімдерге тек көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қана қоймай, сондай-ақ маңызды, өмір құндылықтарын дәріптейтін спектакльдер қоямыз», – дейді театр басшысы.

Мемлекеттік қуыршақ театры 2024 жылы Оттавадағы Халықаралық қуыршақ фестивалінде гран-приді жеңіп алып, әлемдік сахнада серпіліс жасады. Сонымен қатар, қазақстандық театр Батумиде қазылар алқасы тарапынан «Үздік режиссер» номинациясын иеленіп, Беларусьте өткен «Неман үстіндегі қуыршақ» фестивалінде қазақстандық қойылым арнайы дипломмен марапатталды.

Сонымен қатар, өнер ордасы 2024 жылы Гүржістан мемлекетінің Батуми, Тбилиси, Кутаиси, Боржоми, Ахалцихе қалаларында Уильям Шекспирдің әйгілі пьесасы желісімен сахналанған «Макбет. Иллюзия» қойылымын гастрольдік іссапар барысында театр сүйер қауымға ұсынып, 1000-нан астам гүржістандық көрерменді қамтыды.

Бұл – театр ұжымының орасан зор еңбегінің жемісі, жеңісі. Сөйтіп, алматылық артистер де әлемдік аренаға жол салды.



БЕЛЕС

Биыл Қазақстанның Мемлекеттік қуыршақ театры 90 жылдық мерейтойын ауқымды бағдарламамен атап өтпек. «Almaty Puppet Festival» III халықаралық фестивалі өтеді, сондай-ақ театр мұражайы ашылады. Сонымен қатар, спектакльдер саны бойынша рекорд орнатпақ, яғни бір жылда 1500 қойылым ұсынып, аудиторияны 95 мың көрерменге дейін ұлғайтуды межелеп отыр.

Театр биылғы мерейтойы құрметіне төрт премьерә әзірлеп жатыр. Нақтырақ айтсақ, шытырман оқиғаларға толы «Орман ғажайыптары» ертегісін, халық дәстүріне негізделген «Наурыз құпиясы» спектаклін ұсынып, әйгілі «Менің атым Қожаны» сахналап, қуыршақ өнерінің шығу тегі туралы баяндайтын «Ортеке» бірегей қойылымын көрсетеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алмат АМАНГЕЛДІ, Алматы қаласы Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры:

ТЕАТР ТРУППАСЫ ТАБЫСТЫ

Біз театрдың ең басты құндылығы – ондағы адамдар деп білеміз. Қызметкерлеріміздің жалақысы 30%-ға өсті, ал 16 маман Канада, Ресей және Қырғызстанның жетекші театр мектептерінде біліктілігін арттырып келді. Сондай-ақ, 15 әріптесіміз мемлекеттік бағдарлама көмегімен баспаналы болды. Бұл театр труппасының кәсіби деңгейін көтеруге және оның халықаралық аренадағы беделін нығайтуға септігін тигізері сөзсіз.

2023-2024 жылдары театр ғимараты ауқымды жаңғыртудан өтті. Сахна, көрермен залы, грим бөлмелері мен гардеробтар толықтай жаңартылып, заманауи дыбыс, жарық және сахналық технологиялар орнатылды. Былтыр театр фойесі қайта жөндеуден өтіп, LED-экран мен жаңа жиһаз қойылды. Мұның бәрі айналаға әсемдік, артистерге де жайлы орта сыйлайды. Біздің ұжым жаңа биіктерді бағындыруға тастүйін дайын.

ЕСКЕ АЛУ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР
КЕШКЕН ҒАЗИЗ
ТҰЛҒА

Қазақ өмірді бағзыдан бері «Қамшының сабындай...» деп айтатыны тегін емес. Тәтті өмірді тастап кетер шақ біреуге ерте, біреуге кеш келеді. Бұл да тағдырдың жазуы. «Жазмыштан озмыш жоқ» деп халқым бекер айтпаған. Ал сол азғантай ғұмырын ғибратымен мағыналы да мәнді етіп, туған жерін жайнатуда жұмсаған жандар қаншама?! Шариғат заңында қиналған жұртына жәрдем жасаған, құдық қазып, жол салған пендесіне мол сауап жазылады деседі.

Міне, Ғазизхан Қоңырбаев осындай азамат еді. Ол Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Амангелді ауылында дүниеге келді. Алматыдағы мектеп-интернатта оқыды. Еңбекқорлығымен, оқу-білімге ынтызарлығымен ата-анасына қоланат, бауырларына қамқор болатын. Мектеп бітірісімен Мәскеу теміржол институтына түсіп, инженер-құрылысшы мамандығын алып шықты. Мамандығына сай теориялық білімін өндірісте шыңдады. Бастапқыда оны техникалық бөлімінің шебері етіп тағайындаса, кейін техникалық бөлім басшысы болды. Жаркенттің Жол-құрылыс басқармасынан басталған оның еңбек жолы Қапшағайда, Алматыда жалғасты. Салалық мекемеде бас инженер болды.

Еліміз тәуелсіздігін алған кезеңде Алматыдағы Жол-құрылыс басқармасында басшылық қызметте жүрген азамат қоғамдық-саяси өмірде де белсенділігімен көрінді. Іле аудандық, кейінірек Алматы облыстық мәслихатының депутаты ретінде он жылдан астам ел-жұртпен етене жұмыс істеп, олардың мұң-мұқтажына баса мән берді. Ғазекен құлдыраған жол-құрылыс саласында еңбек етті, жауапкершілікпен, басшылық біліктілікпен, инженерлік қабілет-қарыммен құлаған өндіріс орнын тік тұрғызып, іскер мамандарын ілгері бастады. Соның арқасында қаншама адамның жүзі жадырап, жүздеген отбасы бала-шағасын асырауға мүмкіндік алды.

Ғазизхан Нұрғыйсаұлы әрбір жауапты істі тәжірибелі мамандарымен ақылдасып барып бастайтын. Тікелей қадағалауына алған жұмысты бітіргенше тыным таппайтын. Бәлкім, осындай тынымсыз, мазасыз жұмыстар денсаулығына кері әсерін тигізген де болар. Білгір басшы білікті мамандарымен бірге небір қиындықты артқа тастап, жұмысын жандандырып екеткен. Қашанда халқына қалаулы, еліне елеулі Ғазизхан қоңыр қазақтың есіл еңбегі еш кеткен жоқ. Ерлікке толы ерен еңбек ел-жұртының алғысын алды. Мемлекет тарапынан да марапатталды. Мемлекеттік награда «Ерен еңбегі үшін» медалі – сол еңбегінің бағалануы. «Құрметті жолшы» атанған азамат мемлекеттік «Құрмет» орденін омырауына тақты. Бұл да болса көзі тірісінде көрген қуанышы, өмір бойғы халқына қылған қызметі мен еліне сіңірген еңбегінің еншісі, маңдай терінің жемісі.

«Мына жалған дүниеде ешнәрсе мәңгілік емес... Өзіміз күнде көріп жүрген, қызметтес, аралас-құралас болған абзал азаматымыздан аяқасты айырылғанда мына өмірге бесқұнды қонақ екенімізді іштей ұғынғандаймыз» деп, толқи тағзым еткен-ді Ғазизханды еске алуға арналған «Телегей теңіз тұлға» атты кітаптың алғысөзінде Іле ауданының Құрметті азаматы Е.Тұрымбетов. Ал редакциямызға бас сұғып, Ғазизханның рухына бағыттаған естелігін қалдырған зайыбы Гүлмайра апай ұлын ұяға, қызын қияға қондырғаны үшін Құдайға тәубе етіп, шүкіршілігін білдірді. 14 ақпанда, сағат 12.00-де Жетіген ауылында мемориалдық тақтаның ашылу рәсімі өтетінін хабарлады. Ерін сағынышпен еске алып, ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жарандар, әріптестері мен көзін көрген барша қауымды 23 ақпан күні, сағат 13.00-де Атакенттегі «Бақша-сарай» мейрамханасында (мекенжайы: Тимирязев көшесі, 42) берілетін бақилық болған отағасының рухына бағышталатын дұға-асқа шақырды.

Таудың алыстаған сайын биіктейтіні іспетті, ғибратты ғұмыр кешкен кеңпейіл жан, ғазиз тұлға Ғазизханның жақын-жуығын айтпағанда, оны көрген, білген жұрттың сағынышы да күннен-күнге ұлғая түскен. «Жақсының аты өлмейді...» деген сол. Ұлы Абай «Өлді деуге бола ма, айтындаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» демекші, Ғазизханның адамгершілік асыл қасиеті, ізгілікті ісі оны білетіндердің жүрегінде мәңгіге сақталмақ.

Айнабай ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

БАЛАЛАР АЛАҢЫ ЖӨНДЕЛДІ



Егер жолыңыз түсіп Мүсірепов және Бұқар жырау көшелерінің қиылысына бара қалсаңыз, бұрынғыдан мүлде жаңарған аумаққа тап боласыз. Бостандық ауданындағы бұл аумақта балалар алаңы толықтай жаңарып, жөндеу жұмыстары аяқталды.

Соңғы уақытта қаладағы осындай балалар алаңы, саябақтар, жаяу жүргіншілер жолы, үлкенді-кішілі алаңдар жаңару көріп, тұрғындардың көзайымына айналып келеді. Бұл да болса «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының көзге анық көрініп тұрған жемісі дер едік.

Бүгінде жаңартылған ойын алаңы қазір балалар мен олардың ата-аналары үшін заманауи және қауіпсіз демалыс орнына айналған.

— Алаң біздің көшедегі тамаша демалыс орнына айналды. Әкімдік пен мердігерлерге атқарылған жұмыстары үшін алғыс айтамыз. Немерелеріммен күн сайын осында серуендейміз. Тап-таза әрі әдемі!», — дейді Бостандық ауданының тұрғыны Анита Ефремова.

Бостандық ауданында ХҚБ бағдарламасы бойынша 2024 жылы 50-ден астам жоба іске асырылды. Атап айтқанда, «Орбита-3» және «Орбита-4» шағы-

наудандарындағы балалар алаңдары ретке келтірілді. Ауалар абаттандырылды, алты көшеде техникалық тротуар төсеу жұмыстары жүргізілді. Абай даңғылында бөлу жолағын абаттандыру аяқталды. Жаңғырту Байзақов көшесінен Тұрғыт Өзал көшесіне дейінгі ұзындығы 3 шақырымға жуық учаскені қамтыды. Төсеніштер төселді, автоматты суару жүйесі, беседкалар орнатылды, сонымен қатар жарықтандыру толығымен жаңартылды. Барлық урналар, орындықтар ауыстырылды. Сондай-ақ, қала тұрғындарының жайлы демалуына арналған шағын сәулет пішіндері мен өткеншектер орнатылды. Көгалдар толығымен жаңартылды, бұталар отырғызылды.

Биыл ауданда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 26 жоба іске асырылатын болады.

Алматыда жергілікті тұрғындарға қалалық инфрақұрылымды жаңарту бойынша өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы табысты іске асырылуда. Үш жыл ішінде мегаполисте 39,1 млрд теңге сомасына 938 жоба іске асырылды.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы қала тұрғындарының тілектерін ескере отырып, жайлы қалалық ортаны құрудың тиімді құралына айналды және Алматы әкімдігі оның дамуын қолдауға ниетті. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша «ХҚБ» жобаларына 2025 жылға арналған қала бюджетінде 17,1 млрд теңге қарастырылған.

ҚАУІПСІЗДІК

«Райымбек батыр» станциясында метрополитеннің заманауи қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін жаңа уақытша қоршаулар орнатылды. Қауіпсіздік үшін жасалған арнайы бөгеттер екі бағытта қызмет көрсетеді. Біріншіден, жолаушылар үшін қорғаныс құралы болса, екіншіден, жарнамалық құрылым ретінде пайдаланылады.

АЛМАТЫ МЕТРОПОЛИТЕНІ

Қос функциялы жаңа қоршаулар сынақтан өтуде

«Алматы метрополитені» КМК мандарының хабарлауынша, қазіргі уақытта бұл қоршаулардың жел жүктемесіне төзімділігі тексерілуде. Барлық қажетті сынақтардан өткеннен кейін осындай қоршаулар метронның басқа станцияларында да орнатылатын болады. Сонымен қатар, метрополитен өкілдері бұрын орнатылған темір қоршаулардың да тексеріліп жатқанын, қажет болған жағдайда олардың алына-тынын атап өтті.

«Алматы метрополитені» жолаушылардың жайлылығы үшін инфрақұрылымды жетілдіруге әрдайым ұмтылады. Бұл шешім автоматтандырылған платформалық есіктер (screen doors) орнатылғанға дейінгі уақытша шара болып табылады. Барлық жұмыстар кәсіп-

орынның өз қаражаты есебінен, бюджет қаражатын тартпай жүргізілуде», — деп хабарлады метрополитеннің баспасөз қызметі.

Айта кетейік, уақытша қоршаулар вагондар арасындағы кеңістікті жабуға арналған және жолаушылардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған уақытша шешім болып табылады. Автоматтандырылған платформалық есіктерді (screen doors) орнату процесі көп уақытты қажет етеді, өйткені жобалау, техникалық-экономикалық негіздеме дайындау, қаржыландыру және мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу қажет. Осыған байланысты жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында уақытша қоршаулар орнатылуда.

ЖОБА

ЖАСТАРҒА ПАЙДАСЫ ҰШАН-ТЕҢІЗ

Алматы комьюнити-орталықтары «Отбасы банкпен» бірлесіп, жастарға арналған қаржылық кеңес беру бағдарламасын іске қосты.

Бұл бастама жастардың қаржылық сауаттылығын арттырып, өз қаражатын тиімді басқаруға көмектесуге бағытталған.

Бағдарлама аясында қатысушылар қаржы саласындағы өзекті ақпараттарды алып, жеке бюджет жүргізудің негізгі қағидаларын меңгереді. Сарапшылар кірістер мен шығыстарды дұрыс

басқару жолдарын түсіндіріп, жинақ жасау, несие алу, инвестиция салу туралы маңызды кеңестер береді. Жастар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, қаржылық тұрақтылықты қалыптастыруға арналған практикалық ұсыныстар ала алады.

Кеңес алуға комьюнити-орталықтардың жұмыс кестесіне сәйкес келуге болады. Кеңес беру күнін білу үшін өзіңізге ыңғайлы комьюнити-орталыққа барып, толық ақпарат алуға болады.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының ақпараты бойынша, бұл жоба жастардың қаржылық сауатын арттырып, қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізуіне мүмкіндік беруге бағытталған.

БРИФИНГ

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

Азаматтарды құқықтық тәрбиелеу – маңызды бағдар

Жолдарды бақылау камераларының көбеюін жол қауіпсіздігі үшін деп түсіндіреміз. Дегенмен, еліміздегі жол-көлік оқиғаларының санын қысқартып, қауіпсіздігін жақсарту үшін бұның өзі жеткілікті шара болмай отыр. Статистикалық мәліметке қараныз, Қазақстанда жыл сайын 30 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркеледі. Демек, бақылаумен қатар осы салада жоғары білікті мамандар даярлау қажет. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында бұл қажеттілікті өтеу бағытында қарқынды жұмыс қолға алынғаны мәлім болды.

ҚР Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының Әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы Тамара Коржумбаева осындай мәлімдеме жасады.

Тамара Коржумбаева атап өткендей, академия жол қозғалысын ұйымдастыруға және оның қауіпсіздігін арттыруға қатысатын әкімшілік полиция мен жол-техникалық инспекциясы үшін кадрларды дайындайды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында бұл салада шұғыл әрекет ету қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024–2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өлім-жітім деңгейін төмендету басты міндеттердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жол қауіпсіздігіне жауапты негізгі органдардың бірі ретінде жағдайды жақсарту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, — деді ол.

Білім беру қызметімен қатар, Академия заң шығаруға белсенді қатысады. Жолдарды бақылаудың инновациялық технологияларын әзірлейді және азаматтарды құқық-

тық тәрбиелеу бағдарламаларын жүзеге асырады.

«Жол қауіпсіздігі» жобасы аясында Академия қызметкерлері мектеп оқушылары, колледж студенттеріне және басқа да оқу орындарында сабақ өткізеді. Балаларда жолда жүру мәдениетін жастайынан қалыптастыру мақсатында бірінші сынып оқушыларына ерекше көңіл бөлінеді.

Одан бөлек, Академияда жол қозғалысы қауіпсіздігінің өзекті мәселелері талқыланып, практикалық ұсыныстар әзірленетін ірі ғылыми форумдардың, конференциялардың және «дөңгелек үстелдердің» ұйымдастырушысы болып табылады.

— Академия инновациялық технологияларды әзірлеумен және енгізумен белсенді түрде айналысады. Патенттік қызметте жолдарды бақылауды жақсартуға және төтенше жағдайлар қызметінің әрекет ету уақытын арттыруға көмектесетін заманауи шешімдерді жасауға бағытталған, — деп бөлісті Т.Коржумбаева.

Сөз соңында спикер білікті кадрлар даярлау, заманауи технологияларды енгізу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру жол-көлік оқиғаларын азайтып, жолдарды қауіпсіз етуге септігін тигізетінін атап өтті.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ТАЛАП КҮШЕЙДІ

3 күн ішінде 211 нысан сүрілді

Қала басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасымен заңсыз сауда нысандарын сүру жұмыстары қатаң тәртіпте әрі қарқынды жүруде. Жұмыс бағыты мемлекеттік қордың жерінде рұқсатсыз салынған және стационарлық емес сауда орындарына қаратылған. Басты мақсат – ретсіз саудамен күрес және қала кеңістігіндегі қауіпсіздікті арттыру.

Үш күн ішінде мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдері, мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелерінен құралған комиссия 211 заңсыз сауда орнын (102 дүңгіршек және 109 күш өлшегіш) бұзып, 270 кәсіпкерге ескерту хат берілді.

Қазіргі таңда қызмет түріне қарамастан, барлық заңсыз сауда нысандары бұзылып жатыр. Әсіресе, көше тағамдарын сататын орындарға ерекше назар аударылуда. Мұндай бірнеше нысан, атап айтқанда, Абай даңғылындағы мемлекеттік цирк маңында сүрілді. Аталған сауда орындары инженерлік желілерге, электр энергиясына қосылмаған, көріктендіру ережелерін бұзады. Қала тұрғындары мұндай жерлерде тамақ сатып алу денсаулыққа қауіпті екенін айтууда.

«Заңсыз дүңгіршектер көбінесе арықтардың үстіне қойылады, санитарлық норма сақталмаған, дәретхана жоқ. Олар мектептердің, балалар жүретін орындардың жанында орналасқан. Кейін тамақтан улануы ғажап емес», — дейді қала тұрғыны Евгений Богачев.



КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 27 тамыздағы №3/469 «Алматы қаласының аумағында стационарлық емес сауда нысандарын орналастыру орындарын белгілеу және бекіту туралы» Қаулысына сәйкес қалада 157 стационарлық емес саудан нысандарын орналастыру үшін 142 орын бекітілген.
- Кәсіпкерлік қызметін заң аясында жалғастырғысы келетін кәсіпкерлер Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына 390-21-30 телефоны бойынша жүгіне алады.

Қаланың мәслихат депутаты, көріктендіру мәселелерімен белсенді айналысып жүрген Тимур Елеусізов бұзылған сауда орындарының барлығы электр желілеріне заңсыз қосылғанын, бұл қаланың инфрақұрылымына қосымша жүктеме түсіретінін атап өтті.

«Бұл қаланың электр желілеріне артық жүктеме түсіреді. Олар-

дың қызметін реттеу үшін осындай бастамаларды қолдау қажет», — деді ол.

Айта кетейік, Алматыда барлығы 500-ге жуық заңсыз нысан бұзылмақ. СЕСН-ды анықтау және сүру жұмыстары жалғасады.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Техникалық білім:

БОЛАШАҚ ІРГЕТАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл – ел экономикасын нығайтудағы стратегиялық қадам. Бастама техникалық және кәсіптік білім берудің маңыздылығын арттырып, жұмысшы мамандықтарының беделін көтеруге бағытталған.



Бүгінгі таңда экономиканың барлық салаларында білікті мамандарға сұраныс жоғары. Құрылыс, өнеркәсіп, көлік, қызмет көрсету және басқа да салаларда кәсіби шеберлігі жоғары мамандар қажет. Сондықтан техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының алдында үлкен міндеттер тұр.

«Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжі» – еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі беделді оқу орындарының бірі. Колледж 2013 жылы құрылып, бүгінгі таңда еңбек нарығының талаптарына сай жоғары білікті жұмысшы мамандарын даярлаумен айналысып келеді.

Колледждің басты мақсаты – білім алушыларға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың кәсіби дағдыларын дамыту, болашақ маман ретінде қалыптасуына жағдай жасау. Сондықтан

мұндағы білім беру үрдісі де жаңа заман талаптарына сай жүргізіледі. Білім алушылар теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, өндірістік тәжірибеден өтеді. Колледж нарықта сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарын даярлайды. Мәселен, шаштараз өнері – сән индустриясында сұранысқа ие мамандық. Білім алушылар мұнда шаш кию, бояу, сәндеу әдістерін меңгереді.

Сондай-ақ, электр жабдықтары мамандарын даярлау бағдары электр құрылғыларын жөндеу, техникалық қызмет көрсету сияқты дағдыларды үйретеді. Токарь ісі – металл өңдеу, әртүрлі бөлшектерді дайындау бойынша білікті мамандарды даярласа, дәнекерлеу ісі – өндірістің барлық саласын

да қажетті мамандық, білім алушылар металл құрылымдарын дәнекерлеуді үйренеді. Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану – көлік жөндеу саласында аса сұранысқа ие мамандарды дайындайды. Мәселен, автомобиль жөндеу бойынша слесарь – көліктердің ақауларын анықтап, жөндеуге бағытталған мамандық. Автомобиль көлігін жөндеу шебері – автокөлік диагностикасы, техникалық қызмет көрсету бойынша білім береді. Колледждің «Тігін өндірісі және киім үлгілеу» бөлімі сән саласына қажет мамандарды дайындайды. Білім алушылар киім үлгісін жасауды, тігуді, сәндік әрлеуді үйренеді.

Кадр даярлау:

«ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE»

1940 жылы негізі қаланған оқу орны ұзақ жылдан бері IT-саласы үшін жоғары білікті кадрлар даярлауға маманданған жетекші білім беру мекемелерінің бірі.

Колледжде «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер», «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері», «Бағдарламалық қамтамасыз ету», «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», «Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету» мамандықтары бойынша сапалы білім беру жүзеге асырылып келеді. Колледж 2017 жылдан бастап жұмысшы мамандықтар даярлайды, ал 2019 жылдан дуалды оқыту жүйесі енгізілді. Оқу орнында ел экономикасының қажеттіліктеріне сай кәсіби кадрлар даярлау жолға қойылған.

Бүгінгі таңда колледжде 1600-ден астам студент оқиды, оның 246-сы жұмысшы мамандықтары бойынша білім алса, ал 220-сы дуалды жүйе бойынша білім алады. Колледж ұзақ жылдар бойы тұрақты серіктестіктер негізінде қалыптасып, кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатты. Оның бір мысалы – дуалды оқыту аясында өндірістік тәжірибеден өтуге 98 компаниямен ұшақты 467 келісім-шарт жасалды. Оқу жоспарына сәйкес студенттер жыл сайын кәсіби практикадан

өтіп, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдану мүмкіндігіне ие болады.

Колледж жұмыс берушілермен белсенді ынтымақтастық, бірқатар компаниялармен тығыз қарым-қатынас орнатқан.

Мәселен, қазіргі уақытта студенттер АО «Қазақтелеком» компаниясының интернет сапасын жақсартуға бағытталған «SAPA+» жобасы бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Жоба аясында қолданушыларға заманауи күшейткіштер тегін ұсынылып, 5G интернет желісіне қосылу мүмкіндігі жасалды. Студенттер нәтижелі жұмыстарының арқасында жалақы алып, ең бастысы еңбек жолында үлкен тәжірибе жинақтап жатыр. Сонымен қатар, электрондық құрылғыларды жөндеу және қызмет көрсету саласындағы, дрондарды сату, операторларды оқыту және жөндеу жұмыстарымен айналысатын, баспа ісімен шұғылданып, бірқатар ұйымдарда тәжірибеден өтіп жатыр.

Кәсіпорындардың қажеттіліктерін ескере отырып, мақсатты дайындау шеңберінде 65 студент білім алуда. Кадрларды даярлауға бірқатар ірі кәсіпорындар қолдау көрсетеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Сейтбек
ТОҚТАМУРАТУЛЫ,
Алматы жолаушылар көлігі
және технологиялар
колледжінің директоры:

Түлектеріміз
табысты еңбек етіп
жүр

Колледжіміз заманауи материалдық-техникалық базаға ие, оқу шеберханалары, зертханалар, тәжірибелік сабақтарға арналған арнайы кабинеттер бар, заманауи құралдармен жабдықталған. Жоғары білікті оқытушылар, тәжірибелі ұстаздар мен өндіріс саласының мамандары дәріс береді.

Білім алушылар кәсіби машықтарын арттыру үшін ірі кәсіпорындар мен шеберханаларда өндірістік тәжірибеден

өтеді. Қазіргі таңда түлектеріміз өндіріс орындарында, қызмет көрсету салаларында, жеке кәсіпкерлік бағытында табысты жұмыс істеп жүр. Олар түрлі жарыстар мен олимпиадаларға қатысып, өз білімдерін жетілдіреді.

Бүгінде жұмысшы мамандықтары – ел дамуының басты тірегі. Экономиканың тұрақтылығы мен халықтың әл-ауқаты жоғары білікті мамандарға тікелей байланысты. Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжі осы міндетті абыроймен атқарып, елдің еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлап келеді. Біз білім алушыларымыздың сапалы білім алып, заманауи технологияларды меңгеруіне, өз ісінің шебері атануына барлық жағдай жасаймыз. Түлектеріміз – ел экономикасының қозғаушы күші, қоғамның сұранысына ие мамандар.

Жұмысшы мамандығын игеру – табысты болашаққа жол ашу. Өз ісін жетік меңгерген, кәсіби шеберлігі жоғары мамандар ғана еліміздің өндірісін алға жылжытып, жаңа белестерді бағындырады.

Кәсіби бағдар беру:

ЖАҢА ФОРМАТ

Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінде дуалды білім беру жүйесі бойынша білім алушылардың саны бүгінде 560-қа жетіп отыр.

Колледж мектеп оқушыларына жұмысшы мамандығын насихаттау мақсатында кәсіби бағдар беру жұмысын жаңа форматқа көшіруді бастады. Демек, бұл өндірістік оқыту кезінде алғашқы күннен бастап тәлімгердің бақылауымен жұмыс дағдысы қалыптасқан білікті маман даярлауға бағыт-

талған жұмыс өз деңгейінде ұйымдастырылып жатқанын байқатса керек. Болашақтың негізгі құрылысшысы – жұмысшы мамандығын насихаттау арқылы аяндай еңбек етіп, еліміздің инфрақұрылымының дамуын қамтамасыз етіп жүрген ұстаздар еңбегін дәріптеу – біздің алдымызда тұрған үлкен міндеттердің бірі.

Мектеп бітіруші түлектердің болашақ мамандығын тандап, толықтай зерделеуі үшін кәсіпорындарға экскурсиялар жасап, өзін маман ретінде сезінуіне ықпал ету маңызды. Алматы қаласының «Қазпошта» акционерлік қоғамында өткізіліп келе жатқан «Дублер күні» іс-шарасына қатысқан оқушының пошта саласына деген қызығушылығы оянары сөзсіз, ол сала қызметінің қыр-сырын түсініп, түйсініп, болашақ мамандығын тандауға мүмкіндік алады.

Колледж ұжымының еліміздегі пошта байланысы саласының дамуына қосқан үлесі зор. Қазіргі таңда «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша ғаламтор тарту үшін қолданылатын талшықты оптикалық кабельді дәнекерлеу бағдары тікелей серіктесіміз – «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы тарапынан жоғары бағаға ие. Аталмыш мамандық цифрлық трансформацияға бағытталған экономиканың барлық саласында жоғары сұранысқа ие.



Медет ОМАРБЕКОВ,
«Almaty polytechnic college» директоры:

Мақсат – мамандардың
жаңа буынын тәрбиелеу

Колледждің жылдар бойы қалыптасқан жұмыс істеу тәсілдері мен тәжірибелері бар. Оқу аяқталғаннан кейін студенттерді жұмысқа орналастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. Бұл процесс жоғары оқу орындарымен және кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатуды талап етеді. Сонымен қатар, біздің мекеме түлектерді жұмысқа орналастыру үшін түрлі мамандандырылған жәрмеңкелер мен кездесулер ұйымдастырып отырады. Бұл да студенттердің кәсіби салада жолын табуына үлкен көмегін тигізеді. Түлектеріміздің 90%-дан астамы оқу аяқталғаннан кейін өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасады.

Колледжде «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бағыты бойынша құзыреттілік орталығы және IT-хаб Агента жұмыс істейді. Құзыреттілік орталығы студенттерді беделді чемпионаттарға, соның ішінде ұлттық және халықаралық WorldSkills чемпионатына қатысуға дайындаудың маңызды алаңы болып табылады. IT-хаб Агента жаңа идеяларды іздеуге, шығармашылық шешімдерді әзірлеуге және оларды нақты өмірде сәтті жүзеге асыруға арналған кеңістікке айналып отыр.

Біздің мақсатымыз – жаңа буын мамандарын даярлап, олардың ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосуына жағдай жасау.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ардақ ҚОЖАХМЕТОВА,
Алматы телекоммуникация және машина
жасау колледжінің директоры:

Жастар үшін үлкен мүмкіндік

Жақында кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін трансформациялау мақсатында 16 инженерлік-педагогикалық кадрмыз Германия, Оңтүстік Корея, Қытай, Бразилия мемлекеттерінде болып, тағылымдамадан өтіп қайтты. Олар әлемдік деңгейдегі ғылым мен техника саласында болып жатқан жаңа технологияларды игіріп, өз білімдерін жетілдіріп келді. Қазір сол тәжірибені өздерінің бағдарламаларына енгізіп, оқу процесінде қолданып жатыр.

Өткен жылы Алматы қаласы әкімшілігі мен Білім басқармасы көрсеткен қолдаудың арқасында 80 жылдан астам тарихы бар колледждің ескі ғимараты толықтай сүріліп, орнына жаңа ғимарат бой көтерген еді. Сәтін салса, болашақ жұмысшы мамандықтары өкілдері материалдық-техникалық базамен жабдықталған жаңа оқу кабинеттері, шеберханалары мен жатақханасы бар заманауи білім ордасында оқитын болады. Бұл – мемлекетіміздің жастар үшін жасап отырған үлкен мүмкіндіктерінің бірі.



«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы:

ЗЕЙНЕТТЕН КЕЙІНГІ ӨМІРДІҢ ӨРНЕГІ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлхаят МАХАНҚЫЗЫ,
«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының дәрігері:

ҚАРТТАРДЫҢ КӨҢІЛІ ЖАС

Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында арнайы психолог, дәрігер мамандар жұмыс істейді. Біз қарттардың денсаулығын жеті бақылап отырамыз. Орталыққа алғаш келген адаммен жеке-жеке тілдесіп, жағдайын, денсаулығын біліп, соған орай үйірмелерге бөлеміз. Біреуінің тізесінің ауруын би немесе йога, ал енді бірінің көңіліндегі алаңды қолөнер сөйілуі мүмкін. Қариялардың арасында көбіне тірек-қимыл аппаратының кінәраты, артрит, артроз, жүрек аурулары кездеседі. Міне, қазір біздің Орталықтың жұмыс істегені үшінші жылға кетіп бара жатыр десек, барлығы 6079 адам келеді. Соның ішінде 500-інде жүрек ауруы болған десек, емдік дене шынықтыру, айқуне гимнастикасы, йога, кинезиология, скандинавиялық жүріс сынды қызмет түрлерінің арқасында 20 пайызының денсаулығы жақсарғанын байқадық. «Сіздерге келгелі аяғымның ауырғаны қойды, қан қысымым да тұрақталды» дейтін қариялар аз емес. Түрлі үйірмелерге қатысып, көңіліміз де жасарып қалды дейді. Аға буын қандай құрметке де лайықты.

«БІЗДЕ АУЫРУҒА
УАҚЫТ ЖОҚ»
деп әзілдейді Зина
Сайлауқызы

Ал «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының бөлім жетекшісі, «Асыл әжелер» модельдер тобының мүшесі Зина Сайлауқызы «бізде ауыруға, түшкіріп-пысқырып қалсақ, дәріханаға баруға да уақыт жоқ» деп әзілдейді. Себебі, олар үнемі қозғалыста, қай бағытта да белсенді, сергек. Әсіресе, шығармашылық ұжымдары халықаралық байқаулар мен фестивальдерден айтулы жүлделерімен оралып жүр. Аталған орталық жанынан 5 би ансамблі, 3 домбыра оркестрі жұмыс істейді.

– «Алматы әжелері» модельдер тобы төрт мемлекетте өнер көрсетіп келдік. Қырғызстандағы халықаралық этно-фестивальде 1-орын иелендік. Этностильдегі жарқын киімдеріміз, талғампаз жастағы әйел-аналардың дефилесі, алматылық әжелер көрсеткен ұлттық әшекейлер көрерменнің көңілінен шықты. Италиядағы халықаралық сән апталығына да, Түркиядағы этно-фестивальге де қатысып келдік. Мен шет елдерге шыққанда ылғи сұран жүремін. Сонда Қырғызстан мен Түркияда қарттарға

арналған біздегідей жобалар жоқ деді. Ал бізге мемлекет тарапынан жасалып отырған осындай мүмкіндіктерге неге алғыс айтпасақ?!», – дейді Зина Сайлауқызы.

Иә, орталықтың зейнеткерлері шығармашылық алаңдарда өздерін белсенді көрсетіп жүр. Мәселен, былтыр «Айналайын» ансамблі халықаралық өнер байқауында гран-при жеңіп алды, ал «Алматы әжелері» егде жастағы модельдер жобасы шеңберінде Италиядағы сән апталығында Қазақстанды таныстырып шықты.

Күні кеше Дубайдағы TODA театрында режиссер әрі продюсер Ольга Сапожникова түсірген «Ұзақ өмір» деректі фильмінің тұсауы кесілді. Іс-шара аясында фильмінің басты кейіпкерлері – «Алматы әжелері» тобының мүшелері «Ақ кербез» сән топтамасын ұсынды.

Айтпақшы, осы ақпан айының ішінде мегаполис төріндегі Мемлекеттік орталық музейде зейнеткерлер салған суреттерден көрме өтеді.

– Ешқашан қолына қылқалам ұстамаған замандастарымның екінші тынысы ашылып, сурет салуға деген қызығушылығы оянып, белгілі суретші Марлен Нысанбайұлының қолдауымен 31 адам сурет салды. Көрмеге 96 жұмыс қойылатын болады. Бұл тамаша гой! Бізге қуш-қуатты қайдан аласыздар деген сұрақ жиі қойылады, біз оны осындай өнер әлемінен аламыз, – дейді кейіпкеріміз.

Зейнет жасына жету де бір бақыт. Бірақ қарттар көп жағдайда, әсіресе, қалалықтар өзін қоғамға енді керексіз жандай сезініп, осымен өмірі тоқтап қалғандай, түрлі ойға беріліп, жаны жалғызсырап, күйзеліске бой алдырып, төрт қабырғада қамалып отырып қалуы кәдік. Осы ретте оларға шаһардағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы айнымас серік бола алады. Бұл – мемлекет ұсынған әлеуметтік үлкен маңызға ие жоба.

Нұржамал
ӘЛШІЗейнеткер
Мафруза НҰРТАЗИНА:«МУЗЫКА ЖАНДЫ
ЕМДЕЙДІ»

Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына келіп жүргеніне екі жылдан асқан алматылық зейнеткер Мафруза Нұртазина нағыз қайнаған өмір осында дейді.

Жұбайы екеуі үш перзент сүйді. Бәрін де аяқтандырды. Үшеуі де мамандықтары бойынша Астанада қызмет етіп жатыр. Немерелері де елордада. Бір әулет мерекелерде, балалардың демалысында қауышып, мәре-сәре болады. Ал қалған уақытта ата мен әженің екеуден-екеу үйге сыймай кететіні бар.

Ең алғаш «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына бұл қандай жер болды екен деп қызығушылықпен келе салғаны рас. Ресми бір мекемеге келе жатқан шығармын деп ойлаған сәтін де ұмытпайды. Бірақ еңселі де заманауи ғимараттың табалдырығынан аттағаннан-ақ жанын әлдебір жылылық баурап алған.

– Музыкаға жақындым бар еді. Талай жыл қолым тимеген, көптен қорабында жатқан виолончель аспабымды шығардым. Қазір ансамбльде өнер көрсетіп жүрміз. Ән де жанды емдейді. Алматыда өтетін іс-шаралардың бәрінде біз жүреміз. Бізде ән салып, би билейтін зейнеткерлер өте көп. Шетінен өнерлі. Домбыра, гитарада ойнайды. Домбырадан «Алатау» дәстүрлі өнер театрының жетекшісі актері Нұрболат Исаев сабақ береді. Қолөнермен, спортпен айналысатын жандар да аз емес. Бәрі де ұлазатты ұл-қыз тарбиелеп, қатарға қосқан, бала-шағасы жан-жақта табысты қызмет етіп жүр. Жас ұрпаққа берер өнегесі әлі де бар. Бұл орталық талай замандастың өмірге деген құлшынысын арттырды, күнделікті тыныс-тіршілігіне нәр, әр, ән берді деп сенімді айта аламын. Өмірден көрген-түйгені мол тәжірибелі жандардың бір-бірімен жақын танысып, шүйіркелесіп, әңгімелесуден басталған әңгімелері қазір достыққа, шығармашылық одаққа айналды, – дейді зейнеткер Мафруза Нұртазина.

Биші әже
Ғалия ТОҚТАРБАЕВА:«БИ ДЕ ӨМІРДІ
ҰЗАРТАДЫ»

Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында қарттарға 40-тан астам қызмет түрі көрсетіледі. Бірде-бір үйірме бос емес. Дегенмен, би, хор, домбыра, қолөнер,

кескіндеме және спорттық үйірмелерге сұраныс жоғары.

78 жастағы Ғалия Тоқтарбаева кезінде кәсіби бимен айналысқан екен. Алматының тумасы. 1965 жылы №23 орта мектепті бітірген. Ал 1967 жылы республикалық Алматы эстрада-цирк колледжін тәмамдаған. 1967-86 жылдары «Қазақконцерт» қазақ гастрольдік-концерттік бірлестігі балетінің солисі болған. Эстрада-цирк колледжінде ұстаздық еткен. Ұзақ жылғы педагогикалық еңбегі бағаланып, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін иеленген. Қазір де қоғамға, адамдарға керек, сондықтан да кәсіби биші әже замандастарына биден сабақ беріп жүр. Өзі барлық халықтың билерін біледі. Би үйірмесіндегі зейнеткерлердің музыкаға ілесіп, аяқ-қолы да жанылмай еркін билеп жүргені қызықтырды бізді. Ал

бәрінен де жасы үлкен 78 жастағы Ғалия Бекешқызының, яғни ұстаздың қимылы олардан да ширақ. Би элементтерін анық, еркін жасайды. Таңданбасқа шараңыз қалмайды.

– Би арқылы ми мен денені қатар шынықтырамыз. Тепе-теңдік болған жерде үйлесімділік үстемдік құрады. Би – бұл ішкі еркіндік. Әдемі қимыл-қозғалыс арқылы сезімге дем береміз. Би арқылы бойымызға қан жүгіреді, сергиміз, ширай түсеміз, көңіліміз көтеріледі. Бұл қарттарға арналған орталық болғасын тек егде жастағы адамдар келеді гой. Көбінің аяғы қақсайды, тізе, буындары ауырады, кәрілік қоя ма, бел де бүкірейе түседі. Қан қысымының көтеріліп кетуі де жақсы емес. Міне, осындай кезде бізге қимыл-қозғалыс, би көмекке келеді. Жазымды әуенді қоямыз да, әдемі ырғақпен билеп ала жөнелеміз. Көп замандасымның бала-шағасы өскен, кейбірінің шалы немесе кемпірі қайтыс болғасын, қайғыға төзе алмай уайымға салынуы мүмкін. Ал біздің Орталық ешкімді жалғыз қалдырмайды. Би аяқталған соң, бір сәт демімізді басып, бәріміз бірге отырып, шүйіркелесіп шәй ішеміз. Ертеніне тауға шығамыз. Келесі күні музейге барамыз. Біз бір-бірімізге дос, бауыр болып кеттік. Жақсы көңіл-күй де өмірді ұзартады, – дейді Ғалия әжей риза кейіппен.

ӘҢГІМЕСІ ЖАРАСҚАНДАР

Жалпы, Алматы – Қазақстандағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ең бірінші болып ашылған тұңғыш қала. Бүгінде қанатын кенге жайып, шаһардың барлық ауданында жұмыс істеп тұр. Оның ішінде қалалық орталықтың 4 филиалы бар. Орталық мақсаты – ұзақ жылдар жұмыс істеп, еңбегінің зейнетін көретін жасқа жетіп, зейнет демалысына шыққан аға буынға қолдау көрсету, олардың өзін қоғамға әлі де керек екенін сезінуіне жағдай жасау, өмір сүру сапасын арттыратын зияткерлік, мәдени-рухани шығармашылық, қоғамдық іс-шараларға кеңінен тарту.

Әдетте сергек, белсенді жандардың жасы да ұзақ болады. Еліміздің тарихында тұңғыш рет орташа өмір сүру ұзақтығы рекордтық көрсеткішке жетті – 74,44 жас, ал Алматыда ол 78 жасты құрайды, бұл елдегі ең жоғары көрсеткіш.

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарына келетін жалғыздікті қарттар да аз емес. Солардың арасында бір-бірімен әңгімесі, көңілі жарасып, бас қосып жатқандары да бар. Осы орталық құрылғалы бері төрт жүз бас құрады. Бұл – өмір. Қартайған шақта бір-біріне сүйеу болып, қалған ғұмырын мағыналы өткізуге ниет еткен жандарға, әрине, бақыт тілейміз.



SMART CITY

АЛМАТЫ «АҚЫЛДЫ ҚАЛАҒА» АЙНАЛАДЫ

Жүргізушісі жоқ таксилер, қоғамдық көліктер, көлік кептелісіне қарай реттеп тұратын «ақылды бағдаршамдар»... Қазіргі ірі мегаполистерді мұндай жаңа технологиясыз елестету қиын. Дамыған елдер технологиялық жетістіктерді пайдаланып «ақылды қалаларды» дамытып жатыр. Ірі қалалардың ауқымды мәселесін шешуге де осындай жаңа тәсілдер пайда болды. Айталық, Сингапур қала-мемлекетінде арнайы лифт арқылы көліктерді тұрғын үйдің жоғары қабатындағы «аспан автотұрағына» әкеп қойса, Лос-Анджелес қаласында жүргізушісі жоқ көліктер жолаушыларды қауіпсіз жеткізіп жүр.

Smart City, яғни «ақылды қаланы» құру бағытындағы жұмыс Алматы қаласында да қарқынды түрде жүріп жатыр. Атап айтқанда, «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» мен «Кешенді қауіпсіздік жүйесі» жобалары мегаполисте іске асырылуда. 2022 жылдың тамыз айында жұмысқа алынған «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі» жобасының басты міндеті – барлық қалалық бейнебақылау камераларын бір платформада біріктіру және алынған бейнема-териалға нақты уақыт режимінде

сараптама жасау. Өткен жылы қала әкімдігінің жобалық офисінің қолдауымен бірыңғай бейнемониторинг жүйесіне 45 мың камера қосылса, биыл олардың санын 70 мыңға дейін арттыру жоспарланған. Былтыр бұл платформа арқылы 2 мың қылмыс ашылып, 15 мың қоғамдық тәртіпті бұзу дерегі анықталған. Сондай-ақ, «ақылды қала» жобасы аясында Алматыда кешенді қауіпсіздік жүйесі мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда және медициналық мекемелерде қойы-

лып жатыр. Оның мәні – бір мекемеде бейнебақылау жүйесі, өрткүзет дабыл жүйесі, кіруді бақылау және басқару жүйесі, СОС дабыл түймесі, домофон байланысы жүйесі орнатылады.

Мегаполисте бірнеше жыл қатарынан цифрлық жаңалықтардың ең басты жиыны – Digital Almaty форумы ұйымдастырылып келеді. Форум барысында таныстырылған стартаптар мен жобалар Алматыда цифрлық шешімдерді енгізуге мүмкіндік ашады. Биыл халықаралық іс-шара барысында қазақстандық студенттер ойлап тапқан JoIQal.ai жобасы таныстырылды. Жоба бойынша жасанды интеллект жолдағы шұңқырлар мен ойықтарды анықтауға көмектеседі. Бейнекамералар автобустарда, жедел жәрдем көліктерінде, полиция қызметкерлерінің көліктерінде орнатылып, автоматты режимде түсірілген бейнежазбаларды өңдеп, қала көшелерінің қай бөлігінде ойықтар бар екенін көрсетеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Олжас ЖАҢАБЕК, Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы:

АЛМАТЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЕГІЗІ 2026 ЖЫЛЫ ЖАСАЛАДЫ

Қазір қаланың әртүрлі жүйелері бөлек-бөлек жұмыс істеп жатыр. Бұл қаланы жүйелі түрде басқаруды қиындатады. Сингапур мен Шэньчжэнь қалаларының сәтті жобаларына сүйене отырып, Алматы қаласы 2026 жылдың желтоқсан айында мегаполистің цифрлық егізін іске қосады. Алматының цифрлық егізінде негізгі 3 деңгей болады. Бірінші деңгей қаланың инженерлік инфрақұрылымын толықтай қамтиды. Екінші деңгейде қала құрылысын модельдеу және оңтайландыру, сондай-ақ көлік қозғалысын бақылау жұмысы жүргізіледі. Үшінші табиғи-климаттық деңгей болады. Онда ауа сапасы секілді қаланың дамуына әсер ететін барлық табиғи құбылыстар қамтылады. Шэньчжэнь қаласына барып, арнайы олардың тәжірибесімен таныстық. Олар цифрлық егіз жобасын толыққанды іске қосу үшін 6 жыл жұмсаған. Қазір Шэньчжэньде секілді бізде де инвентаризация, яғни нысандарды цифрландыру жұмыстары басталды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЗАМАН ТАЛАБЫ

ОНЛАЙН ДӘУІР ЕСІК ҚАҚТЫ

Жаңа мамандықтар қалай дамуда?

Айнеля тағы бір күнін қарсы алды. Әдетінше, асықпай таңғы асын ішіп, терезесінен қарбалас қалаға қарап, эз-кем уақыт өткізді. Енді міне, сүйікті кофесін ішіп алып, жұмысына кіріспек. Бұл – оның жұмыс күні болатын.

Осы кезде өзімен қарама-қарсы есікте тұратын көрші тәте қоғамдық көлікте кетіп бара жатқан. Оның ойында «Бүгін тағы жұмыстан кешіктім, сөгіс естимін-ау» деген уайым ғана бар.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ



Екі көршінің таңғы өміріндегі мұндай айырмашылықтың пайда болғанына бірнеше жыл ғана болды. Айнеля соңғы жылдары қарқынды дамыған жаңа мамандықты игеріп, онлайн жұмыс істеп жүрген жас маман. Өз үйінде, қоғамдық көлікте, әлде кофеханада, кейде саябақта отырып 2-3 сағат сапалы жұмыс істеу ол үшін толық жұмыс күнінің аяқталғанын білдіреді.

Айнеля – біз сұхбаттасқан кейіпкерлердің бірі, копирайтер маманы. Ол да бұрын бірнеше түрлі жұмыс орындарында істеген, таңнан кешке дейін дәстүрлі жұмыс тәртібінде жүріп-тұрған. Бірақ жаңа тенденцияға ілесіп онлайн жұмыс істегеннен кейін өмірі мүлде басқа бағытқа өзгерді.

Негізгі артықшылығы – бір ғана салада жұмыс атқармай, бірнеше компаниялармен, түрлі сарапшылармен бір уақытта жұмыс істей отырып мол табыс таба аламын», – дейді Айнеля Жанботырова қазіргі жұмысының артықшылығын сұрағанымызда. Оның ойынша дәстүрлі жұмыс стилі өмірге шектеулер енгізіп, өзіне уақыт бөлуге мұрша бермейді. Қазіргі өмірі біздің кейіпкерімізге ұнайды, себебі ол табыс таба отырып, өзінің шығармашылығына, жеке өміріне уақыт бөле алады.

Заман мен ғаламның өзгеруімен мамандықтар да қарқынды түрде дамып, жаңаруын байқап отырмыз. Әр дәуірдің талап-

тарына сай жаңа кәсіби бағыттар пайда болып, танымал мамандықтар жаңа тұрпатта жаңғыруда. Қазіргі заманда технологияның жылдам дамуы мен қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерінің кенеюі онлайн мамандықтарды үлкен сұранысқа ие етті. Цифрлық маркетингтің, бағдарламалаудың және басқа да сандық қызметтердің маңызы артқан сайын, онлайн жұмыс істейтін мамандарға деген сұраныс күннен-күнге өсуде. Жаңа мамандықтардағы табыс мүмкіндіктері де сан түрлі. Технологиялық жетістіктер мен ғаламтордың өркендеуі бізге жаңа еңбек нарығын ұсынуда. Мұндай жұмыс салалары қоғамымызда әлі толық қалыптасып, дамып үлгере қоймады. Соған қарамастан, оларға деген сұраныс күннен-күнге артып келеді.

Қазір Алматыда заман талабына сай жаңа мамандықтарды игеріп, онлайн жұмыс істейтін жастар өте көп. Соның бірі –

Анель ОРЫНБАЙ, SMM маман. Анельдің өмірі бірқалыпты, бірақ өте жайлы. Онлайн жұмыс істеу оның өмір дағдысына сай келеді. Себебі, Анель уақытын тиімді пайдалануға тырысатын адам, жеке өміріне, денсаулығына көп көңіл бөлгенді қалайтын адам. Өмірдің әр сәтін толыққанды сезініп, ләззат алғысы келеді. Қазір жұмысы міне, осы өмір салтына үйлесіп-ақ тұр.

Одан мұндай салаға қалай келгенін сұрап көрдік:

– «Шынын айтсам, маған дәстүрлі жұмыс тәртібі ұнайды. Үнемі басшымен байланыс орнатып, есеп беріп, белгілі бір уақыт аралығында бір орында тапжылмай жұмыс істеу, тағысын-тағылар... Міне, бұлар маған мүлде ыңғайсыздық тудырады. Керісінше, заманға сай өз-өзіме басшы болып, онлайн жұмыс істеу тиімді әрі ыңғайлы», – дейді Анель.

Онлайн жұмыс оған барлық уақытта өз

жоспарын құрып, уақытынды қалай өткізу керектігін өзі шешуге мүмкіндік береді. Осылайша Анель өз жұмысында толық еркіндікке ие болған алматылық жастардың бірі. Жеке өміріне уақыт қалдыруды, әрдайым өзіне үніліп, жаңа идеялармен жұмыс істеу – бүгінгі жас буынның қалауы.

Біз сұхбаттасқан осы кейіпкерлеріміз онлайн жұмыстың мүмкіндіктерін көбірек пайдалануға кеңес береді. Олар үшін онлайн жұмыс – тек табыс табу ғана емес, өмір сапасын арттырудың маңызды жолы. Бірақ дәстүрлі жұмыс стилімен үйлесім табуың да маңызды екенін мойындайды.

Олар – жаңа мамандық иесі, біздің замандастарымыз, айналамыздағы адамдар, алматылықтар. Өмір сүру мен жұмыс істеу арасындағы теңгерімді дұрыс тапқан жаңа буын өкілдері десек те болады. Осыған қарап онлайн дәуір есіп қағып тұрғанын көрсек болады.



«АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ»

Дәурен САҒЫНҒАЛИЕВ,
«Қалалық білім берудегі жаңа технологиялар
ғылыми-әдістемелік орталығының» басшысы:

МАҚСАТ – ҮЗДІК ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ИГЕРУ

Еңбек жолын ұстаздықтан бастап, өзі қалаған мамандықтың шыңына шыққан Дәурен Сағынғалиев Президенттік резерв бойынша іріктеуден кейін Алматы қаласы Білім басқармасының «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығына» басшылық қызметке кіріскен еді. Біз ізденімпаз, білікті басшыға жолығып, өзі жетекшілік етіп отырған орталықтың міндетімен, жай-күйімен танысып қайттық.



үшін арнайы платформада білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында интерактивті тренажердің демо-нұсқасы жасалған еді. Реті келгенде айта кетейін, тренажер контентін әзірлеуге қала мектептерінің әртүрлі пән бойынша 83 педагогы жұмылдырылып отыр.

«Алматы мектептері»

– Білім саласы қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамытуды көздейтін бағдарлама ең алғаш Алматыда қолға алынғаны белгілі. Осы бағдарлама нәтижесі қандай, жалпы бұл жаңалық салаға қаншалықты өзгеріс әкелді деп ойлайсыз?

– Сауалыңыз өте орынды. Өйткені, үш жылға жоспарланған «Алматы мектептері» бағдарламасының межелі уақыты да мәреге жақын қалды. Бағдарлама негізінде, алдымен, үздік әлемдік білім беру тәжірибелерін игеру мақсатында, «Шетелдік тағылымдама» жобасы қолға алынып, сол жылы, яғни 2022 жылы Финляндия мен Эстония мемлекеттерінің заманауи білім беру менеджменті негіздерін оқытуға алғаш рет 50 мектептің басшысы халықаралық тағылымдамадан өтіп қайтқан еді.

Өткен оқу жылында 400-ден астам білім беру саласының қызметкерлері Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапония, Малайзия, Польша, Швейцария мен АҚШ-та болды. Сол мемлекеттердің озық тәжірибелерімен алмасып, тағылымдамадан өтті.

Олар қазір өздері үйренген озық тәжірибені басқа да әріптестеріне үйретіп жатыр. Мәселен, Сингапурда өз біліктіліктерін арттырған 70 педагог-тренер қаланың 3165 мұғаліміне халықаралық зерттеулерге қатысатын оқушыларды дайындау әдістемесін үйрете отырып, каскадты әдіспен оқыту семинарын, ал Python бағдарламалаудың жоғары деңгейлі тілін меңгерген 63 информатика пәні мұғалімі 1000-нан аса педагогке арнап оқыту семинарын өткізді.

Негізінен «Алматы мектептері» стандарты білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының жай-күйін, атап

айтқанда, модификацияланған пәндік кабинеттер, STEM-кабинеттер, робототехника кабинеттері, интерактивті панельдер мен такталар, компьютерлік техника, жылдам интернет сынды бағдарларды, сондай-ақ педагогтардың біліктілігін арттыруды қамтиды. Алматы әкімдігі өткен жылы жергілікті бюджет есебінен 88 мектепті 168 пәндік кабинетпен қамтыды. Сонымен қатар, «Алматы мектебі» бағдарламасы бойынша оқыту қаламыздың 100 мектебінде екі лекте жүзеге асырылды. Командалар (директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары және бастамашыл педагогтар) білім беру процесінің бағыттары бойынша сегіз модуль негізінде оқыды. Жалпы, Алматы қаласының мектептерінде үздік халықаралық тәжірибелер бойынша ең озық тәжірибені жинақтау конференциялар, семинарлар арқылы жүзеге асырылады.

– Мемлекет басшысы ағымдағы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Негізінен осы мамандарды даярлайтын техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі болғандықтан, бұл салада әлемдік білім берудің қандай оң үдерістері енгізіліп отыр?

– Алматыдағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде дуалды оқыту, оның ішінде елімізде алғаш рет тәлімгерлік үшін ақы төлеу, оқыту нәтижелерін WorldSkills стандарттарына бағдарлау, студенттердің академиялық ұтқырлығы сынды бағыттар жолға қойылды. Сондай-ақ, модульдік және кредиттік-модульдік оқыту технологиясына негізделген білім беру де осы саладағы жаһандық трендтің негізгі көрінісі.

Қазіргі талапқа сай, студенттер мен педагогтарды әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау белсенді түрде қолға алынып, жүзеге асырылып жатыр. Бұл ретте түрлі халықаралық іс-шараларға қатысу, жетекші елдердегі педагогтардың тағылымдамасы мен студенттердің практикасы, шетелдік кәсіптік оқу орындарымен ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу сынды жаңашылдықтарды басты назарда ұстап отырмыз.

Ерекше балаларға – ерекше қолдау

– Ерекше білім алуға мұқтаж балалар туралы да айта отырсаңыз, оларды оқыту мәселесі қаншалықты шешіміні тауып отыр? Осы мәселені жүйелі жолға қойылды деп айтуға бола ма?

– Біздің Әдістемелік орталықтың базасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық түзету, оңалту мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беретін және осы мәселемен тікелей айналысатын педагогтардың жұмысын күшейту үшін қалалық Инклюзивті ресурстық орталық пен №10 жалпы білім беретін мектеп базасында Құзыреттілік орталық жұмыс істейді.

Өткен жылдан бастап ерекше балалармен жұмыс істейтін педагогтарға, әдістемелік көмек көрсететін 8 тірек мектебіне «Жол картасы мен Алматы қаласын дамыту бағдарламасы» шеңберінде 8 «Инклюзивті академия» құзыреттілік орталығы қосылды. Құзыреттілік орталықтардың негізгі мақсаты – аудан мектептеріне инклюзивті білім беру ортасын құруға көмектесетін тиімді әдістер, стратегиялар мен ресурстарды әзірлеп, көмекші құрал ретінде ұсыну болып табылады. Жалпы, Алматыда

8 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру, 9 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті жұмыс істейді.

Мәселен, «Дара» қоры мен зағип балаларға арналған Перкинс мектебі шартына отырған еді. Соның негізінде «FRIENDLY SCHOOLS» жобасы іске асырыла бастады. Бүгінде осы жоба озық халықаралық тәжірибе негізінде оқытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын енгізу арқылы Алматыдағы арнайы мектеп-интернаттардың қызметін жақсартуға бағыттала бастады. Бір ғана мысал, осы жоба қазір тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған №2 және зағиптар мен нашар көретін балаларға арналған №4 арнайы мектеп-интернатта іске асырылып отыр.

Оқушыларға серпін берген әлеуметтік жоба

– Тәжірибелі ұстаз ретінде оқушыны табысқа жетелеудің қандай жолын ұсынар едіңіз? Пәндік олимпиадалар мен түрлі турнирлерден басқа табысқа жетудің сыры бар ма?

– Әлбетте, біз «балалардың барлығы талантты, тек оларды тани білу керек» деп жиі айтамыз. Қазақта «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген сөз бар емес пе? Меніңше, тәрбиеге баса мән берген орынды дер едім. Өйткені, тәрбиелі баланы оқыту да, үйрету де оңай. Кезінде өзім де осы мақсат үшін дәстүрлі түрде ауқымды тәрбиелік іс-шараларды жиі ұйымдастырып жүрдім. Өлі де осы ұстанымдамын. Оған мысал ретінде «Менің арманымдағы мамандық» деп аталатын әлеуметтік жобаны алуға болады. Жобаға бірден 8300 оқушы мен 2 мыңға жуық педагог қатысты. Бұл да оқушылардың санасына серпін берген жоба болды дер едім.

Қазіргі таңда қаламыздағы білім беру ұйымдарының барлығы дерлік ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық оқу-әдістемелік орталығының қосымша білім беру» желісі бойынша қолға алынып отырған 16 республикалық жобаны іске асыруға белсене араласып жатыр. Жүйелі жүргізілген жұмыс нәтижесіз емес. Жобаға қатысушылардың саны артып, күніне 25–30%-ға дейін көбейіп жатыр.

– Білім беру саласының болашағын қалай елестетесіз?

– Әрине, бұл саланың келешегінің кемел екеніне нық сенімдімін. Өйткені, Алматының даму бағдарламасының «Сапалы білім беру» деген бөлімінде барлық мақсаттар айқын көрсетілген. Бірінші кезекте білім берудің қуатты инфрақұрылымы құрылады. Мектеп пен балабақшадағы орын тапшылығы мәселесі оң шешіліп, мектеп іші заманауи модификацияланған пәндік кабинеттермен толық қамтылатын болады.

Қазір оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы маңызды қадам ретінде 75 мектепті үш тілде оқытуға көшіру қарастырылып жатыр. Мәселен, жаратылыстану циклі бойынша физика, химия, биология, информатика пәндерін оқытуды педагогтар ағылшын тілінде жүргізетін болады.

Бүгінгі мектеп негізгі білімді ғана беріп қана қоймай, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, күрделі мәселелерді креативті түрде шешуге, заманауи технологияларды тиімді пайдалануға үйретуі керек. Әрине, мұндай талапқа дайындықсыз, мұғалімдердің біліктілігін арттырмай қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан біздің орталыққа жүктеліп отырған талап пен жауапкершілік жүгі жеңіл емес.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

Екі ресурстық орталық құрылды

– Дәурен Наурызбайұлы, өзіңіз жетекшілік етіп отырған Орталық қалалық Білім басқармасының бір қанаты іспетті. Көзіқаракты оқырман Орталықтың атқарып отырған жұмысына қызығушылық танытып, жақынырақ білгісі келеді. Ұжым жұмысы жөнінде хабардар ете отырсаңыз...

– Өткен жылы «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы базасында» екі бірдей ресурстық орталық құрылды. Бұл екі орталық та жыл бойы өз қызметінің маңыздылығын толық дәлелдеді. Ең бастысы – педагогтардың біліктілік санаты, жұмыс нәтижесі аттестаттау барысында расталады. Мәселен, өткен жылы қала мектептерінің 108 мұғалімі «педагог-шебер» біліктілік санатын қорғап шықты. Қарапайым ғана мысалға жүгінсек, осы көрсеткіш арқылы мұғалімдердің біліктілігі 2023 оқу жылына қарағанда 55%-ға артқаны байқалады.

Жалпы, біліктілікті арттыру мәселесіне қатысты мысал көп. Мәселен, мегаполис мұғалімдері жыл сайын Оқу-ағарту министрлігі өткізетін «Үздік педагог» республикалық байқауына қатысып, жеңімпаз атанып қайтады. Өткен күзде ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев жеңімпаз атанған алматылық ұстаздарға 3 692 000 теңге (1000 АЕК) мөлшерінде ақшалай сертификат пен төсбелгі табыс етті. Сондай-ақ, «Үздік педагог–2024» байқауының қалалық кезеңінің алты жеңімпазы жергілікті бюджет қаражаты есебінен біржолғы, кемі 300 АЕК болатын қаражатқа ие болды.

Қазіргі таңда қала бойынша халықаралық зерттеулерге дайындық басталып, өте ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Әрі бұл

КЕРЕК ДЕРЕК

АЛМАТЫДА 343 БІЛІМ МЕКЕМЕСІ БАР

216 МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕП

Мемлекеттік орта білім беру:

77 мектеп – қазақ тілінде;

59 мектеп – орыс тілінде;

77 – аралас мектеп.

127 ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕП

33 – қазақ тілінде;

54 – орыс тілінде;

36 – мектеп аралас;

4 мектеп – ағылшын тілінде білім береді.



ИНВАЗИВТІ ОТА

БИПОРТАЛДЫ ӘДІС
нейрохирургиядағы
инновациялық шешім

Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының нейрохирургия бөлімшесінде омыртқааралық дискісінің жарығын алып тастау бойынша шағын инвазивті ота жасалды. Пациент – 40 жастағы ер адам оң аяғы қатты ауырып, мазасын қашырып жүргенін айтқан.

Нұржамал
ӘЛШІ

MPT нәтижесі бойынша L5-S1 дискінің жарығы диагнозы қойылды. Емдеу үшін жарықты биопорталды-эндоскопиялық алып тастау заманауи әдісі қолданылды. Мұндай технология отаны екі кішкене тесу арқылы жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде тінге түсетін зақымды барынша азайтып, пациенттің жылдам қалпына келуін қамтамасыз етеді.

Аталған тәсілдің арқасында пациент отадан кейін екі сағат өткен соң-ақ аяққа тұрып кетеді.

«Биопорталды-эндоскопиялық техниканы қолдану пациенттің азғасына минималды әсер етіп, тамаша нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мұндай ота қалпына келу уақытын едәуір қысқартып, асқыну ықтималдығын төмендетеді. Бұл әдіс оталық топтың жоғары біліктілігі мен қазіргі заманғы жабдықтың арқасында қолжетімді болып отыр», – деп атап өтті нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Константин Ли.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

МИДАҒЫ ІСІККЕ ОТА ЖАСАЛДЫ

Алматының №7 қалалық клиникалық ауруханасының нейрохирург дәрігерлері 26 жастағы жігіттің миында пайда болған ісікті дер шағында алып тастады.

Ауруханаға қарасты №4 нейрохирургия бөлімшесінің нейрохирургі Берік Исатаевтың айтуынша, пациент клиникаға басының жиі ауыратынын, айнала беретінін, қан қы-

ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Остеосаркома – сүйектің сирек кездесетін қатерлі ісігі. Қатерлі дерт көбіне 10 жастан асқан балаларда жиі кездеседі. Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында 13 жылда 100-ден астам балаға мега-эндопротездеу оталары жасалынды, бұл оталар балалардың аяқ-қолдарын сақтауға мүмкіндік беріп, толыққанды өмір сүруге ықпал етті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Республикалық Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында балалардағы остеосаркомалар кезінде ірі буындарды эндопротездеу бойынша бірегей күрделі операциялар 2012 жылдан бері жасалады. Елімізде жыл сайын остеосаркомамен шамамен, 20–25 жасөспірім ауырады. Мамандардың айтуларынша, барлық остеосаркоманың 50%-дан астамы тізе буынына, 30%-ы иық-буынына жақын орналасады.

Соңғы жылдары сүйек ісіктері кезінде жоғары мөлшерлі химиотерапияны енгізу арқасында басқа органдарға метастазданудың төмендеуі және өміршеңдік артты. Бұл көптеген жағдайларда 90%-дан астам зақымданған аяқтарды сақтауға мүмкіндік берді. Яғни осы аталған патологиясы бар балаларға кейбір асқынған жағдайларды қоспағанда, аяқ-қолдарды іс жүзінде ампутиацияламайды.

Остеосаркомамен емдеудің жаңа әдістерін енгізу тиімділіктің әлемдік нәтижелеріне жақындауға мүмкіндік береді. Аяқ-қолды сақтай отырып емдеу аяқталғаннан кейін жалпы сауығып кету жағдайлары елімізде 71%-ды құрайды. Бұл нәтиже остеосаркоманы зерттеу жөніндегі халықаралық мультиорталықтар нәтижесінің деректерімен сай келеді. Соңғы жылдары бойы қысқа кішкентай балаларға жеке дайындалған аз инвазивті ұзартқыш протездерді қолдану арқылы мүшелерді сақтау операциялары енгізілді.

Онкология саласындағы ең күрделі операция тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі негізінде тегін жасалады. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында аяққа ғана емес, тізеге, иыққа,

ОСТЕОСАРКОМА

Сүйектің қатерлі ісігіне шалдыққан
100-ден астам балаға күрделі ота жасалды



жамбастың қатерлі ісіктеріне де орган сақтау операциялары орындалады. Бірегей операциялардың нәтижесінде балалардың аяқ-қолдары сақталып қана қоймай, олардың өмір сүру сапасы да жақсарды. Бүгінгі күні олар өздерінің құрбы-құрдастарымен қатар деңгейде мектепке барып, университетте оқып, түрлі қызметте жұмыс істейді. Тіпті, спорт-

пен айналысып, жаттығу залдарына, бассейн-дерге барып белсенді өмір сүруде. Тұрмыс құрып 2-3 баланың анасы және әкесі болып жатқан балаларымыз бар. «Осы нәтижелердің бәрі бізге, ең маңыздысы – жаңа емделіп жатқан науқастарға өмірге деген үлкен құлшыныс береді!», – дейді орталық мамандары.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бахрам ЖҰМАДУЛЛАЕВ, жоғары санатты дәрігер,
ПБХГО №2 хирургия бөлімінің меңгерушісі, онкохирург, онкоортопед:

Заманауи Орталықтың мүмкіндігі мол

Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында балалар мен жасөспірімдердің сүйек саркомасы кезінде эндопротездерді қолдану арқылы аяқ-қолдарды сақтап қалу бойынша ота жасау 2012 жылдан бері жүргізіледі. Орталықтың заманауи модульдік эндопротездерді сатып алу мүмкіндігінің және қарқынды жоғары мөлшерлі химиотерапияны қолданудың арқасында мүшесактаушы оталар жасаудың мүмкіндігі артты, сондай-ақ балалардағы остеосаркоманы біріктіріп емдеу нәтижелері де жақсарды. Атап айтатын жайт, онкологиялық эндопротездер ортопедиялық протездерге ұқсас емес, ерекше мегапротездер болып табылады. Қазіргі таңда хирургиялық емдеудің осы түрі остеосаркомаға шалдыққан балалардың 90%-дан астамына жасалынады, ол өз кезегінде баланың әлеуметтік бейімделуі мен оның өмір сүру сапасының жақсаруына мүмкіндік береді.

МӘМС

АОРТОБИФЕМОРАЛЬДЫ
ПРОТЕЗДЕУ –

қан ағымын қалпына келтіру операциясы

Орталық қалалық клиникалық аурухананың дәрігерлері төменгі аяқтың ишемиясы бар науқасты құтқарды. Орталық қалалық клиникалық ауруханаға іштің аортасының және төменгі аяқтың барлық магистральды артерияларының ауыр окклюзиясы бар 73 жастағы науқас түсті.

Амбулаториялық емге қарамастан, оның жағдайы нашарлап, ауыр ишемиямен байланысты аяқтың ауыруы пайда болды.

«Біз аортобифеморальды протездеуді жасадық, яғни іштің аортасының зақымдалған аймағын ауыстыру және төменгі аяқтың артерияларындағы қан ағымын қалпына келтіру операциясы. Қазір науқастың жағдайы тұрақты, аяқтың артерияларындағы импульс айқын және ол босатуға дайындалып жатыр», – деді қан тамырлары хирургі Әлішер Әбжапаров.

Аортобифеморальды протездеу – бұл төменгі аяқтың қанмен қамтамасыз етілуін қалпына келтіруге, гангренаның дамуын болдырмауға және пациенттің қозғалу мүмкіндігін сақтауға мүмкіндік беретін жоғары технологиялық тамырлы араласу. Операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде орындалды, ал оның құны шамамен 1 млн 300 мың теңгені құрайды.

МӘМС жүйесінің арқасында пациент қажетті жоғары технологиялық медициналық көмекті тегін алды. Уақытылы жасалған ота ауыр асқынулардың алдын алып, науқастың өмір сүру сапасын сақтап қалды.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШІ.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

ҚУЫҚ ЭКСТРОФИЯСЫ
сирек кездесетін диагноз

Алматыда Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығында 14 балаға күрделі санаттағы хирургиялық ота жасалды. Несеп-жыныс жүйесі мүшелеріне реконструкциялық-пластикалық операцияларды Ұлыбританиядан арнайы шақырылған лондондық профессор Имран Муштак жүргізді.



Оның біздің дәрігерлерге ота арқылы шеберлік сабағын өткізіп жүргеніне оншақты жылдың жүзі болған. Имран Муштак бұл жолы жыныс мүшесі дұрыс дамымаған балаларға реконструкциялық-пластикалық ота жасады.

«Біз бұл жолы гипоспадия және балалардағы қуық экстрофиясын қарастырып жатырмыз. Бұл сирек кездесетін диагноздар. Қа-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

зақстанға әр келген сайын мұндағы әріптестердің біліктілігі артып келе жатқанына куә боламын. Дегенмен, ауруды емдеуде сәт сайын жаңа инновациялық әдістер пайда болып жатыр. Сондықтан осылай тәжірибе алмасудың маңызы зор», – деді хирург-уролог Имран Муштак.

Иә, баласын мұхит асып, шетелдік дәрігерлерге алып баратын атаналардың қалтасына салмақ түсері анық. Сондықтан білікті мамандарды елге алып келіп, ота жүргізген әлдеқайда тиімді. Ота жасалған 14 бала еліміздің әр өңірінен диагнозының ауырлығына қарай тандалған. Осы орайда айта кетейік, шеберлік сабағын жүзеге асыруға «Мейірім» қоғамдық қоры ұйытқы болған.

БРИФИНГ

КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

«...АҚЫЛЫНА АҚЫ СҰРАМАЙТЫН ҚАЗЫНА»

Кітап оқу мәдениеті қалыптасып келеді

Қазіргі цифрлық дәуірде ақпаратқа қолжетімділік артқанымен, кітап оқуға деген қызығушылық төмендеп бара жатқанын байқаймыз. Адамдар көбіне әлеуметтік желілерде уақыт өткізіп, қысқа әрі жеңіл контентті тұтынуға үйреніп кетті. Алайда, кітап оқудың адам санасын кеңейтетіні, сөздік қорын байытатыны, ойлау қабілетін дамытатыны – даусыз шындық. Шығыс ойшылы Әлішер Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» деп бекер айтпаған. Бүгінде қоғамда кітап оқу мәдениетін қайта жаңғырту бағытында түрлі шаралар қолға алынуда.

Ернұр
РЫСБАЙ

Кітап оқуға деген сүйіспеншілік ең алдымен отбасында қалыптасуы керек. Баланың кітапқа деген қызығушылығын арттыру үшін ата-ана өзі үлгі болуы тиіс. Жас ұрпақты кітапқа баулу мақсатында кешкі кітап оқу дәстүрін енгізу, кітап мазмұнын талқылау, оны ойын арқылы қызықты ету сияқты әдістерді қолданған жөн. Мысалы, оқылған шығарманың желісі бойынша рөлдік ойындар ойнау, мазмұнын әңгімелету, сурет салу арқылы кітап оқуды қызықты етуге болады. Бұл ретте «Kitap Fest» кітап фестивалінің ұйымдастырушысы Аружан Калелхан кітап оқу мәдениетін дамытуда мұндай шағын әдістердің маңызы зор екенін айтады:

– Соңғы жылдары елімізде кітап оқу мәдениеті өзгеріп келеді. Цифрлық технологиялар мен әлеуметтік желілер жастардың ақпаратқа деген қызығушылығын басқа бағытқа бұрғанымен, электронды және аудиокітаптардың танымалдығы артып, кітап оқу жаңа деңгейге көтерілді. Әдеби фестивальдер мен кітап клубтарының көбеюі де халықтың кітапқа деген ықыласын арттырып отыр. Жастардың кітапқа



деген қызығушылығы әртүрлі. Бірі мотивациялық және өзін-өзі дамыту кітаптарын оқыса, енді бірі көркем әдебиетті, әсіресе, заманауи авторлардың шығармаларын тандайды. TikTok пен Instagram-дағы кітапқа қатысты трендтер де жастарды оқуға ынталандырады. Дегенмен, бұл әдет барлық жастар арасында бірдей қалыптасқан деп айту қиын, – деді ол.

Кітап оқу мәдениетін тек отбасы деңгейінде ғана емес, қоғам аясында да қалыптастыру маңызды. Алматыда бұл бағытта түрлі бастамалар жүзеге асуда. Қаладағы Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасы мен Alatau Creative Hub орталығының кітапханасы тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне үлкен мүмкіндік береді.

Түнгі кітапхананың тұрақты оқырманы Дияс Дариев мұндай бастамалардың маңызы туралы былай дейді:

– Мен үшін Түнгі кітапхана – жай ғана оқу орны емес, ерекше атмосферасы бар шабыт сыйлайтын орта. Мұнда түнгі уақытта да білімін жетілдіруге, жаңа кітаптармен танысуға мүмкіндік бар. Әсіресе, студенттер мен шығармашылық адамдар үшін таптырмас орын. Мұнда тыныштық бар, жан-жақты ойлануға жағдай жасалған.

Соңғы жылдары кітап оқуға қызығушылық артқаны байқалады, мұндай орындар жастарды кітап әлеміне жақындата түседі, – дейді ол.

Қазіргі таңда жастар арасында электронды және аудиокітаптарға деген сұраныс жоғары. Бірақ қағаз кітаптың орны бөлек. Студент Сымбат Наухан кітапты гаджеттен емес, колмен ұстап оқығанды ұнататынын айтады:

– Кітап оқу – білімді кеңейтудің, ойлау қабілетін дамытудың және өзін-өзі жетілдірудің ең тиімді жолдарының бірі. Біріншіден, ол сөздік қорыңды байытады, сөйлеу мәнеріңді жақсартады. Екіншіден, кітап оқу есте сақтау қабілетін жақсартады, өйткені әрбір оқылған кітап мида жаңа ақпараттың сақталуына әсер етеді. Үшіншіден, оқырман адамның қиялы мен шығармашылық ойлауы дамиды. Сонымен қатар, кітап оқу – стресті азайтатын, эмоционалды интеллектің арттыратын құрал деп айта аламын, – дейді ол.

Қоғамда кітап оқуды насихаттау үшін заманауи әдістерді қолдану қажет. Әлеуметтік желілердің ықпалын пайдаланып, танымал тұлғалар арқылы кітап оқу трендке айналуы тиіс. «Бір ай – бір кітап» секілді челленждер ұйымдастырып, кітап алмасу шараларын жиі өткізген дұрыс. Сонымен қатар, кітапханаларды тек оқу орны ғана емес, коворкинг орталықтары ретінде дамыту, оларда әдеби кештер мен пікірталас алаңдарын ұйымдастыру – жастардың қызығушылығын арттырудың тиімді жолы.

ТҮЙІН: Кітап оқу – тек уақыт өткізу амалы емес, тұлғалық дамудың негізгі құралы. Кітапқа деген сүйіспеншілікті ояту – әрбіріміздің міндетіміз. Отбасында кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, қоғам деңгейінде оны дәріптеу арқылы ғана біз рухани кемелденген, білімді ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Оқыңыз! Ойыңызды дамытыңыз! Өміріңізді байытыңыз!

ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚҰРУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінде қаладағы балалар колониясының қызметкерлері «Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі» деген тақырыпта кездесу өткізді.

Нұржамал
ӘЛПШ

Оған Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасы №11 мекеменің қызметкерлері – ре-

жим және күзет бөлімінің бастығы әділет майоры Азамат Қанафин Азамат, мекеме бастығының кезекші көмекшісі әділет майоры Анар Мұстафаев, режим және күзет бөлімінің бақылаушысы әділет сержанты Молдабек Азамат қатысты. Кездесу барысында түзеу мекемесінің қызметкерлері жеткіншектерге еліміздегі заңдар туралы, олардың артықшылықтары, құқықтық жауапкершілік жайында әңгіме өрбітті. Құқық саласының мамандары студенттер қойған сұрақтарға жауап берді.

Кездесудің мақсаты – жастардың құқықтық білімін тексере отырып, оларға заң алдындағы жауапкершілігін түсіндіру, сауатын арттыру, қылмыс-

тық жауапкершілік туралы түсінік беру.

– Біздің түзеу мекемесінде бас бостандығынан айырылған жасөспірімдер жазасын өтеп жатыр. Көпшілігінің құқықтық сауаты төмен. Ондай балалар жамандыққа тез ұрынып қалады. Біз өскелең ұрпақтың Ата заңымызды, өзге де құқықтық-нормативтік актілерді бұлжытпай орындап, құрметтей білгенін қалаймыз. «Тәртіпке бағынған құл болмайды». Біз жасөспірімдердің қауіпсіз ортаны өздері де қалыптастыра алатынын түсіндіргіміз келеді, – дейді №11 мекеме бастығының кезекші көмекшісі әділет майоры Анар Мұстафаев.

ерекше жұмыстар жасап, адал еңбегі арқылы қоғамнан өз орнын тауып, өз-өзін жұмыспен қамти алатындарын атап өтті.

– Осындай танымдық іс-шаралар жасөспірімдердің эстетикалық талғамын арттырып, тарихымыз туралы көбірек білуге, құрметтеуге үндейтіні сөзсіз. Сондықтан біздің мақсат – жазалы жеткіншектер үшін осындай жүздесулерді жиі ұйымдастырып, оларға өмірдің мәнін түсіндіру, жаман жолға түсіп кетпей, өзіне, отбасына, қоғамға пайдалы іспен айналысуына болатын жолдарды көрсету, – дейді №11 мекеме бастығы, әділет полковнигі Алмат Сүлейменов.

Нұр ЖАМАЛ.

ТӘРБИЕ

ЖАЗАЛЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ

«Анаға құрмет» музейі балалар колониясында көрме ұйымдастырды

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінде, яғни кәмелетке толмаған жазасын өтеуші балалар колониясында «Анаға құрмет» музейі өкілдерінің ұйымдастыруымен көрме өтті.

Шара аясында тәуелсіз Қазақстан тарихындағы тұңғыш генерал-әйел Сәуле Айтбаева дәріс өткізді. Аяғын шалыс басып, бас бостандығынан айырылған жеткіншектерге тағылымды әңгімелер шертті. Сәуле Мұханбедианқызы 2017–2022 жылдары

Сенат депутаты, 2018-2019 жылдары Қазақстан Республикасының бала құқықтары жөніндегі уәкілі болған. Қазір құрметті еңбек демалысында.

Алматы қаласындағы «Анаға құрмет» музейі – еліміздегі ең ерекше музей. Қызметкерлері балалар

ҚАУЛЫ

Алматы қалалық әкімдігінің
2025 жылғы 10 ақпандағы
№1/1-166 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 2 тамыздағы № 22.1-22.01/743-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалану объектісі үшін (алаң ұйымдастыру) «KazBuild Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы ауданы, Төле би көшесі, 187/2 учаскесі мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы 0,2120 га (кадастрлық нөмірі 20-311-001-026) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-көнесе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегіріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

Алматы қалалық әкімдігінің
2025 жылғы 10 ақпандағы
№1/1-167 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 24.01-24.07/441-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалану объектісі үшін (аудан аумағын көркейту), Алматы қаласының Бостандық ауданындағы Жароков көшесі, 194А, мекенжайы бойынша орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-көнесе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тегіріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 ақпандағы
№1/1-167 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ				
Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	Абдолдин Бауыржан Сайранханович, Мақажанова Айдана Нұрлановна	20-313-001-101	Жароков көшесі, 194А, 11 гараж	жалпы - 0,0455 үлесі - 0,0023
2.	Ковердяева Лена Геннадьевна, Ковердяев Александр Васильевич	20-313-001-101	Жароков көшесі, 194А, 1 гараж	жалпы - 0,0455 үлесі - 0,0024
3.	Громов Геннадий Владимирович	20-313-001-101	Жароков көшесі, 194А, 8 гараж	жалпы - 0,0455 үлесі - 0,0021
4.	Ахметова Сәулем Зинетқызы	20-313-001-101	Жароков көшесі, 194А, 9А гараж	жалпы - 0,0455 үлесі - 0,0026
5.	Мелкомуков Эдуард Рафаилович	20-313-001-101	Жароков көшесі, 194А, 13 гараж	жалпы - 0,0455 үлесі - 0,0021
6.	Кулик Вероника Борисовна	20-313-001-101	Жароков көшесі, 194А, 1 гараж	жалпы - 0,0455 үлесі - 0,0023

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 ақпандағы №1/1-168 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Метрополитен» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 23-15/15 хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. №1, №2 станцияның базалық құрылыс алаңдарының айналма жолдарын ұйымдастыру үшін Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Метрополитен» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының мүддесінде осы қаулының қосымшасына сәйкес меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) жер учаскелерін алып қоюсыз, Алматы қаласы, Наурызбай ауданында орналасқан жалпы ауданы 1,9275 га жер учаскелеріне 2027 жылдың соңына дейінгі құрылыс кезеңіне шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Метрополитен» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.




2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ. ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
№1/1-168 қаулысына қосымша

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-322-009-249	«Шұғыла» шағын ауданы, 341 учаске	0,8520
2	20-322-001-057	«Шұғыла» шағын ауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/16 учаске	0,2914
3	20-322-001-119	«Шұғыла» шағын ауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/11 учаске	0,2924
4	20-322-001-062	«Шұғыла» шағын ауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/26 учаске	0,0150
5	20-322-001-090	«Шұғыла» шағын ауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/14 учаске	0,2507
6	20-321-001-091	«Шұғыла» шағын ауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/15 учаске	0,1675



Жер учаскелерінің (қоғамдық сервитут) жоспары

Жер учаскелерімен жалпыға ортақ сервитуттың ауданы, га: 3,4192

Орналасқан жері – Алматы қ., Әуезов ауданы

Жер учаскелерінің санаты: ЕМЖ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 ақпандағы
№1/1-170 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 41.2-41/555-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Құбыр желісі транспорты нысанын жүргізу үшін «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде А.Жақұтов атындағы Алматы ЖЭС-2-лен Батыс жылу кешеніне дейін жер учаскелерін меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарларына және қаулының қосымшасына сәйкес жер учаскелеріне 3 жыл мерзімге шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміЕ. ДОСАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 ақпандағы
№1/1-170 қаулысына қосымша

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1	20-321-044-032	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 33 үй	0,0184
2	20-321-044-039	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, 7-ші көше, 72 үй	0,0123
3	20-321-044-054	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, 7-ші көше, 74 үй	0,0055
4	20-321-044-072	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы 7-ші көше, 30/2 үй	0,0186

5	20-321-044-085	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ақсай көшесі, 26 үй	0,0098
6	20-321-044-090	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ақсай көшесі, 33/3 үй	0,0305
7	20-321-044-093	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 11А үй	0,0294
8	20-321-044-095	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 73 үй	0,0260
9	20-321-044-096	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 65А үй	0,0060
10	20-321-044-104	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 101 үй	0,0283
11	20-321-044-110	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 89 үй	0,0245



12	20-321-044-115	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 71 үй	0,0293
13	20-321-044-117	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 18/1 үй	0,0228
14	20-321-044-137	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 35 үй	0,0188
15	20-321-044-143	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 7/1 үй	0,0309
16	20-321-044-161	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 5А үй	0,0168
17	20-321-044-163	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 1/8 учаске	0,1040
18	20-321-044-164	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 5 учаске	0,1022
19	20-321-044-177	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 39 үй	0,0035
20	20-321-044-198	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 37 үй	0,0243
21	20-321-044-246	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 97 үй	0,0160
22	20-321-044-261	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 103 учаске	0,0248
23	20-321-044-262	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 105 учаске	0,0217
24	20-321-044-282	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 107 учаске	0,0224
25	20-321-057-246	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 47 үй	0,0413
26	20-321-057-247	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 133 үй	0,0380
27	20-321-057-304	Алатау ауданы, Райымбек даңғылы, 513/1 үй	0,0373
28	20-321-057-319	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 125 үй	0,0221
29	20-321-057-353	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 139 учаскесі	0,0150
30	20-321-057-358	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 129 үй	0,0278
31	20-321-057-372	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Ф.Оңғарсынова көшесі, 170/1 үй	0,0172
32	20-321-057-416	Алатау ауданы, «Аккент» шағын ауданы, 90/4 учаскесі	0,5695
33	20-321-057-451	Алатау ауданы, «Алғабас» шағын ауданы, Омаров көшесі, 13 учаске	0,3354
34	20-321-044-410	Алатау ауданы, «Ақмаржан» шағын ауданы, 1 учаске	0,0143
35	20-321-044-367	Алатау ауданы, «Ақмаржан» шағын ауданы, 5 учаске	0,0204
36	20-321-044-411	Алатау ауданы, «Ақмаржан» шағын ауданы, 1 учаске	0,1832
37	20-321-044-407	Алатау ауданы, «Ботакөз» шағын ауданы, 22/1 учаске	0,0164
38	20-321-044-383	Алатау ауданы, «Ақмаржан» шағын ауданы, 15 учаске	0,1361
39	20-321-044-391	Алатау ауданы, «Ақмаржан» шағын ауданы, 1 учаске	0,0820
40	20-312-042-104	Өуезов ауданы, 4 ықшам ауданы, 10/4 учаскесі	0,0287
41	20-312-042-105	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, 114 үй	0,0395
42	20-312-042-106	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Шанин көшесі, 4 үй	0,0190
43	20-312-042-107	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Шанин көшесі, 10 үй	0,0471
44	20-312-042-108	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Шанин көшесі, 17 үй	0,0472
45	20-312-042-109	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Шанин көшесі, 8 үй	0,0116
46	20-312-042-112	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Шанин көшесі, 2А үй	0,0365
47	20-312-042-247	Өуезов ауданы, Төле би көшесі, 319 үй	0,2206
48	20-312-043-012	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 8 учаскесі	0,0580
49	20-312-043-013	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,0251
50	20-312-043-023	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 7 үй	0,0319
51	20-312-043-046	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 1 үй	0,0995
52	20-312-043-057	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 33/1 үй	0,0030

53	20-312-043-061	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 4А үй	0,0020
54	20-312-043-072	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Қарғалы көшесі, 2 үй	0,0153
55	20-312-043-076	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, 125 үй	0,0296
56	20-312-043-077	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 12 үй	0,0237
57	20-312-043-095	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 29 үй	0,0376
58	20-312-043-097	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 39 үй	0,0253
59	20-312-043-100	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 41 үй	0,0257
60	20-312-043-152	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 9 учаскесі	0,0125
61	20-312-043-174	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 55/1 үй	0,0328
62	20-312-043-183	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 39 үй	0,0304
63	20-312-043-226	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Қарғалы көшесі, 16 үй	0,0190
64	20-312-043-232	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 37 үй	0,0195
65	20-312-043-233	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, 63 үй	0,0058
66	20-312-043-240	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Қарғалы көшесі, 2А учаскесі	0,1132
67	20-312-043-245	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 5 учаскесі	0,0178
68	20-312-043-251	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Қарғалы көшесі, 1в үй	0,0531
69	20-312-043-267	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 133 үй	0,0559
70	20-312-043-268	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 4 үй	0,0603
71	20-312-043-269	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 35 үй	0,0593
72	20-312-043-277	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 1Е үй	0,0195
73	20-312-043-305	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Трудовая көшесі, 84 үй	0,0753
74	20-312-043-306	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 57 үй	0,0341
75	20-312-043-308	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,0505
76	20-312-043-318	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 8/5 учаскесі	0,0104
77	20-312-043-334	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 31 үй	0,0430
78	20-312-043-335	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 2/5 үй	0,0619
79	20-312-043-357	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Трудовая көшесі, 90 үй	0,0424
80	20-312-043-380	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 27 үй	0,0495
81	20-312-043-384	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Трудовая көшесі, 88 үй	0,0466
82	20-312-043-393	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 41А үй	0,0281
83	20-312-043-406	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,0125
84	20-312-043-423	Өуезов ауданы, Төле би көшесі, номері жоқ учаскесі	0,0002
85	20-312-043-437	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 49/1 үй	0,0295
86	20-312-043-453	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 36 үй	0,0207
87	20-312-043-454	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 4В үй	0,0233
88	20-312-043-459	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 41 үй	0,0277
89	20-312-043-466	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 16 үй	0,0342
90	20-312-043-481	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Фарид Шарипов көшесі, 2/35 учаскесі	0,0222
91	20-312-043-482	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Фарид Шарипов көшесі, 2/35 учаскесі	0,0281
92	20-312-043-493	Өуезов ауданы, Төле би көшесі, номері жоқ учаскесі	0,0004
93	20-312-043-496	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,0385
94	20-312-043-500	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Шанин көшесі, 7 үй	0,0161

95	20-312-043-509	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Аймусин көшесі, 1/2 үй	0,0250
96	20-312-043-516	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,0019
97	20-312-043-534	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 32 үй	0,0460
98	20-312-043-535	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 53/1 үй	0,0311
99	20-312-043-544	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 45 үй	0,0418
100	20-312-043-545	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 43 үй	0,0153
101	20-312-043-577	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 49 үй	0,0617
102	20-312-043-582	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Шанин көшесі, 11 учаскесі	0,0218
103	20-312-043-583	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 33 үй	0,0291
104	20-312-043-584	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 33/2 үй	0,0497
105	20-312-043-591	Өуезов ауданы, «Ақсай-3 Б» шағын ауданы, 1В учаскесі	0,1232
106	20-312-044-001	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 11 үй	0,0219
107	20-312-044-002	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 11 үй	0,0116
108	20-312-044-060	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 15 үй	0,0155
109	20-312-044-112	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Садвакасов көшесі, 2 үй	0,0522
110	20-312-044-149	Өуезов ауданы, «Ақсай-3а» шағын ауданы, 83 үй	0,0530
111	20-312-044-167	Өуезов ауданы, «Ақсай-3а» шағын ауданы, 62а үй	0,0188
112	20-312-044-229	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 5 учаскесі	0,0175
113	20-312-044-259	Өуезов ауданы, «Ақсай-3» шағын ауданы, 62б үй	0,0204
114	20-312-044-282	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, Токпанов көшесі, 13 үй	0,0175
115	20-312-044-284	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 19 үй	0,0295
116	20-312-044-328	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 21 үй	0,0187
117	20-312-044-387	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 3 үй	0,0520
118	20-312-044-400	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Тәуке хан көшесі, 1 үй	0,0299
119	20-312-044-435	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 17А үй	0,0271
120	20-312-044-442	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 17Б үй	0,0257
121	20-312-044-452	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 17 үй	0,0210
122	20-312-044-492	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 23 үй	0,0360
123	20-312-044-542	Өуезов ауданы, «Ақсай-3» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,0002
124	20-312-044-559	Өуезов ауданы, «Ақсай-3» шағын ауданы, 5/15 учаскесі	0,0004
125	20-312-044-631	Өуезов ауданы, «Ақсай-3» шағын ауданы, 5/12 учаскесі	0,0001
126	20-312-045-027	Өуезов ауданы, «Ақсай-2» шағын ауданы, 9Б үй	0,0094
127	20-312-045-063	Өуезов ауданы, «Ақсай-2» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,1118
128	20-312-045-105	Өуезов ауданы, «Ақсай-2» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,0003
129	20-312-045-107	Өуезов ауданы, «Ақсай-2» шағын ауданы, н/ж учаскесі	0,0008
130	20-312-045-110	Өуезов ауданы, «Ақсай-2» шағын ауданы, 11 үй	0,0006
131	20-312-046-064	Өуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 1/12 үй	0,0839
132	20-312-046-145	Өуезов ауданы, Саин көшесі, 18А үй	0,1102
133	20-312-042-113	Өуезов ауданы, «Алтын бесік» шағын ауданы, номері жоқ учаскесі	0,0226
134	20-312-043-556	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Трудовая көшесі, 90/1 үй	0,0564
135	20-312-043-031	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 47 үй	0,0410
136	20-312-043-254	Өуезов ауданы, «Достық» шағын ауданы, Ташкентская көшесі, 33 үй	0,0454



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 10 айға – 6134 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 10 айға – 13 156,20 (қала), 8034 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 10 айға – 3934 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуы енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуы бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 ақпандағы
№1/1-169 қаулысы

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН ШЕКТЕУЛІ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ (ЖАРИЯ СЕРВИТУТ)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 1 қарашадағы № 34.1-34.03/1957-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесі үшін жария сервитуттың шекара жоспарына және қаулының қосымшасына сәйкес «Алматы-2» теміржол вокзалынан «Райымбек батыр» метро бекетіне дейін жерасты жаяу жүргіншілер тоннелін салу үшін Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Алматы-2» теміржол вокзалының шығысында, Назарбаев даңғылының батысында орналасқан, жалпы ауданы 1,0345 га жер учаскелерін меншік иелерінен (жер пайдаланушылардан) алып қоюсыз 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскелерінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 10 ақпандағы
№1/1-169 қаулысына қосымша

Шектеулі пайдалану құқығы (жария сервитут) орнатылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Сервитут шекарасына кіретін жер учаскесінің ауданы (га)
1.	20-314-033-089	Панфилов көшесі, 4	0,5448
2.	20-314-033-225	Панфилов көшесі, 12	0,0782
3.	20-314-033-233	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 21/20	0,0674
4.	20-314-033-312	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 21/2	0,3004
5.	20-314-033-239	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 21/1	0,0953



ХАБАРЛАМА

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2025 жылғы 3 сәуір, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, кеңсе, 1., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойын-тұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 360 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, офис, 1 немесе land@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 17 наурыз, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голланд-тық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2025 жылғы 3 сәуір, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 726 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 17 наурыз сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голланд-тық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есқат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA



ХАРБИН-2025

(Басы 1-бетте)

Араға 8 жыл салып, IX қысқы Азия ойындарының алауы Қытайдың Харбин қаласында тұтанды. Бұған дейін Қысқы Азия ойындары 2017 жылы Жапонияның Саппоро қаласында өткен болатын. Ақ Азиаданың ашылу салтанатында Қазақстанның Көк байрағын шайбалы хоккейден ұлттық құрама мүшесі Әділ Бекетаев пен шорт-трекші Ольга Тихонова ұстап шықты. Жалпы, жарысқа Азияның 32 елінен 1000-нан астам спортшы қатысып, 64 медаль жиынтығы үшін сынға түсіп жатыр. Оның ішінде Қазақстан құрамасының 137 спортшысы 6 спорт түрінен 10 дисциплинада өнер көрсетіп, 51 медаль жиынтығын сарапқа салуда.

Досбол
АТАЖАН

Харбин және Ябули қалаларында өтіп жатқан Азиада жерлестеріміз үшін алғашқы күндерден-ақ жеңісті болды. Ел қоржынына алғашқы жүлдені шорт-трекшілер салды. 2000 метрге аралас эстафетада бақ сынаған қазақстандықтар күміс иеленді. Команда сапында Денис Никиша, Әділ Ғалиахметов, Яна Хан, Ольга Тихонова, Абзал Әжғалиев, Мерсаид Жақсыбаев, Алина Әжғалиева және Малика Ермек болды. Бұл сайыста Оңтүстік Корея құрамасы жеңімпаз атанса, Жапония үздік үштікті түйіндеді. Шорт-трек бойын-

ТАРИХИ НӘТИЖЕ

ЖҮЛДЕ ТОЛЫ ҚОРЖЫН

Азия ойындарында жерлестеріміздің аяқ алысы қандай?



Фристайл-акробатикадан
Қазақстан құрамасы
IX қысқы Азия
ойындарында 2-орын алды.

Суретті түсірген Саян САБИРОВ.

ша жүлделі жеңістер мұнымен аяқталған жоқ. Бұл нәтиженің ертеңіне шорт-тректен 3000 метр қашықтықта әйелдер арасындағы эстафетада қатысқан Қазақстан құрамасы күміс жүлде еншіледі. Команда мүшелері – Яна Хан Ольга Тихонова, Малика Ермек, Зейнеп Құмархан, Алина Әжғалиева мен Мәдина Жанбосынова.

Бұдан бөлек, Харбинде Қазақстан намысын қорғаған конькишілер мен шаңғышылардың да нәтижесі жоғары. Конькимен жүгіруден ерлер арасында 100 метрде бақ сынаған Евгений Кошкин күміс жүлдені иеленді. Бұл сайыста тағы бір отандасымыз Алтай Жәрдембекұлы 4-ші орыннан көрінсе, Артур Ғалиев 12-ші орын, Никита

Важенин 15-ші орынға тұрақтады. Сонымен қатар, конкимен жүгіруден Қазақстан әйелдер құрамасы Азия ойындарының қола жүлдегері атанды. Командалық спринтте Кристина Силаева, Дарья Важенина, Надежда Морозова ел қоржынына жүлде салды. Ал шаңғышылар арасында Константин Борцов пен Олжас Климин көзге түсті. Шаңғы жарысынан ерлер арасындағы спринт жарысына қатысқан Ұлттық құрама спортшысы Константин Борцов 2:58.28 секунд уақыт көрсеткішімен күміс жүлде жеңді. Ал ерлер арасында 10 шақырымға еркін стильде шаңғы жарысынан бәсекеге түскен Олжас Климин 21 минут, 20,3 секундта мәреге жетіп, қола

жүлдені қанжығалады. Алтын мен күміс Жапония өкілдерінде бұйырды.

Ұлттық құрама мүшелері Азияның әр тұсынан жиналған қарсыластарының алдын орап, жүлделі болған тағы бір спорт түрі – фристайл-акробатика. Айтылған сайыстан бақ сынаған қазақстандық Аяна Жолдас қола жүлде еншіледі. Жеңіс тұғырына қытайлық Цю Мэнтао көтерілсе, екінші сатыға да қытайлық спортшы Чэнь Сюжень шықты. Келесі күні Қазақстан құрамасы фристайл-акробатикадан Азия ойындарында күміс жүлдеге қол жеткізді.

Біздің спортшылар аралас командалар арасындағы сайыста екінші орынға ие болды. Бұл бағдарламада ел намысын Аяна Жолдас, Шерзод Хаширбаев және Асан Асылхан қорғады. Бірінші орынды Қытай иеленсе, Жапония үшінші орынға тұрақтады.

Айта кеткен жөн, Қазақстан өз тарихында қысқы Азия ойындарын бір рет қабылдаған. 2011 жылы Астана мен Алматы қаласында өткен кешенді жарыста Ұлттық құрама 32 алтын, 21 күміс және 17 қола жүлдеге ие болып, жалпы есепте алғаш рет 1-орын алған еді.

● КЕРЕК ДЕРЕК

АЗИАДА КҮНДЕЛІГІНЕН:

- ✓ *Қытайда өтіп жатқан Ақ Азиада шаңғы жарысынан ерлер арасында күміс жүлде еншілеген Константин Борцовтың отбасы үшін ерекше оқиға болды. Өйткені, Константиннің әкесі әрі жеке жаттықтырушысы – Владимир Борцов та осыдан дәл 29 жыл бұрын, яғни 1996 жылы Харбинде өткен III қысқы Азия ойындарында шаңғыдан күміс медаль жеңіп алған болатын. Сол жылы Владимир Борцов тек күміс медальмен шектеліп қоймай, алтын және қола медаль алжалаған. Бұл жетістік әкелі-балалы спортшылар арасында тек отбасылық қана емес, спорттық байланыстың да берік орнағанын көрсетеді.*
- ✓ *Биыл қысқы Азия ойындарының бағдарламасына алғаш рет ски-альпинизм жарыстары енді. Бұл спорт түрі бойынша Әсем Назырова, Денис Власов және Нияз Жанзақов ел намысын қорғады. Олар жартылай финалға дейін жетіп, алайда шешуші жарыстарға жолдама ала алмады. Айта кетейік, ски-альпинизм жарыстары 2026 жылғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына да енгізілді.*
- ✓ *Қазақстан құрамасы қысқы Азия ойындарына 1996 жылдан бастап қатысып келеді. Сол жылы да Азия ойындары Қытайдың Харбин қаласында өткен еді. 1996 жылы бірінші қысқы Азиадада Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте екінші орынға шығып, Жапония мен Оңтүстік Кореяны артта қалдырған болатын. Біздің спортшылар 14 алтын, 9 күміс және 8 қола медаль жеңіп алды.*